ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



# 2012

# Жылдық есеп
# Годовой отчет
# Annual report

# «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ 2012 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ



## МАЗМҰНЫ


КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2012 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ
ЖЫЛ ОҚИҒАЛАРЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫ
ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕМЕ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
2013 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



ҚАЗАҚША
РУССКИЙ
ENGLISH

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Қазақстан темір жолы» туралы қысқаша сөз

Қазақстанның көлік тасымалдары нарығына шолу

Меншік құрылымы

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі

Басқарма Төрағасының сөз сөйлеуі

Директорлар кеңесі

Басқарма



## МІНДЕТ

*«Жүйе құрушы инфрақұрылым болып, біз экономиканың тұрақты дамуының оңтайлы көліктік негізін қамтамасыз етеміз және жүк, жолаушылар тасымалы бойынша сапалы және бәсекеге қабілетті көліктік-логистикалық қызметтерді және тораптық темір жол желілерін ұсыну арқылы Акционерлер, тұтынушылар және жалпы қоғам үшін құндылықтар құрамыз.»*

## ҮМІТ

Бизнес жүргізудің үздік әлемдік тәжірибесіне сәйкес келетін және Жалғыз акционердің талаптарына жауап беретін Қазақстанның жоғары тиімді ұлттық көліктік корпорациясы.

## ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

«Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны 1997 жылдың 31 қаңтарындағы № 129 «Қазақстан Республикасының темір жол кәсіпорындарын қайта құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен келесі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды біріктіру арқылы құрылды: Алматы темір жол басқармасы, Целинный темір жол басқармасы және Батыс-Қазақстан темір жол басқармасы. Құру мақсаты тасымал үрдісін басқару құрылымын оңтайландыру және артық буындарды жою, темір жол саласының қаржылық-экономикалық сауықтырылуы.

2002 жылдың 15 наурызындағы № 310 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын біріктіру арқылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды.

2004 жылдың 2 сәуірінде 2003 жылдың 13 мамырындағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Қазақстан темір жолы» жабық акционерлік қоғамын «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамына (ары қарай – «ҚТЖ» ҰК» АҚ) қайта тіркеу жүргізілді.

Қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ тасымал үрдісіндегі темір жол саласының атқарымдық тұтастығын және басқарылуын қамтамасыз етуде негізделген холдингтік құрылымға ие.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы болып табылады, ол корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, бюджеттік мөлдірлікті жоғарылату мақсаттарын шешеді және оперативтік жұмысына араласпай, Директорлар кеңесі арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін басқарады.

Сонымен қатар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар Министрлігімен бақыланады, ол 2001 жылдың 8 желтоқсанындағы № 266-ІІ «Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өкілетті орган ретінде темір жол саласындағы мемлекеттік саясаттың орындалуын, шоғырландырылуын, Қазақстан Республикасында көлік кешенінің қызметінің реттелуі мен бақылауын жүзеге асырады.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

2010 жылдың 7 мамырындағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2020 жылға дейінгі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Стратегиялық дамуы бекітілді.

Басты мақсат ретінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ы Акционердің талаптарын қанағаттандыратын және «ҚТЖ» ҰК» АҚ менеджмент қызметінің тиімділігін бағалайтын көрсеткіш ретінде жиынтық акционерлік капиталдың барынша ұлғайтылуын қарастырады.

Стратегиялық және орташа мерзімді кезеңдердегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ барлық әрекеттері рентабельділік (таза табыс) өсімінің есебінен жиынтық акционерлік капиталдың барынша ұлғайтуға бағытталған.

**1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін жоғарылату**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жиынтық акционерлік капиталының өсуін қамтамасыз ету үшін шығынға негізделген корпоративтік мәдениеттен тартылған ресурстар мен үрдістердің тиімділігін барынша жоғарылатуға бағытталған мәдениетке ауысуын жүзеге асырады.

Сондай-ақ ағымдағы операциялық орнықтылықты қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да өндірістік және әкімшілік ұсталымдарды төмендету жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады.

**2. Жүк тасымалы нарығындағы көшбасшы орындарды сақтау**

Жүк тасымалы нарығында табыстылықтың жоспарланған өсімін қамтамасыз ету үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ темір жол инфрақұрылымына қол жетімділікті ашқаннан кейін нарықтың кем дегенде 80% үлесін сақтап қалуы керек. Бұл үшін Компанияда тасымал қызметтерін көрсету кезінде клиенттік-бағдарлық тәсілдерді енгізу керек.

**3. Портфельдік және өндірістік активтердің тиімді құрылымын құру**

Ырықсыздандыру жөніндегі мемлекет мақсаттары және осымен байланысты институционалды өзгерістер «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымында экономиканың сала құрушы субъектісі ретінде анықталады. Осыған байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ портфельдік активтердің масштабтық қайта құрамдастырылуын жоспарлады, бұл корпоративтік және салалық мүдделерді ескеріп, оңтайлы құрылымды құруға мүмкіндік береді (ресурстарды негізгі қызмет түрлерінде шоғырландыру және салалық машина жасауды және жөндеу базасын дамыту).

Қаржылық активтер құрылымын түрлендірумен қатар өндірістік активтер де өзгертіледі. Жалпы салалық инвестициялық бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын «ҚТЖ» ҰК» АҚ негізгі құралдарын түпкілікті жаңарту және жетілдіру орын алады.

**4. Қызметтің басқарылуын жоғарылату**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарылуды жоғарылату жөніндегі іс-шаралар қызметтің басқару аспектілерін қамтиды. Басқарудың үлкен мөлдірлігін қамтамасыз ету үшін, жауапкершілік, біліктілік, есеп берушілік және тиімділік деңгейін жоғарылату үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да басқаруға қатысты үрдістік тәсілді енгізу жөніндегі жұмыс жүргізіледі.

Стратегияны сәтті жүзеге асыру «ҚТЖ» ҰК» АҚ шығындардың төмен деңгейінде жоғары сапалы көлік қызметтерін ұсынатын жоғары тиімді коммерциялық ұйымға айналдыруға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, түрлендіру шектерінде келесі өзгерістер күтілуде:

- Ұйымдастырушылық құрылым өзгертіледі. Күрделі өзара әрекеттесу сұлбасы, артық элементтері және ұйымдастырушылық құрылымының тиімсіздігі бар құрылым **орнына** «ҚТЖ» ҰК» АҚ өзінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға көмектесетін нарыққа бағдарланған икемді және қарапайым құрылым **пайда болады.**
- Активтер портфелі қайта ұйымдастырылады. Көптеген көмекші еншілес компаниялардың **орнына** «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін шешуші стратегиялық маңызға ие болатын біршама бейінді активтер **қалады.**
- Қаржылық мөлдірліктің төмен деңгейінің орнына бір мағыналы есеп беру мен мөлдірліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қаржылық есептіліктің нақты бөлінуі пайда болады.
- Инфрақұрылым өзгертіледі. Жүктасымалдары есебінен қиылыспалы субсидиялаудың орнына мөлдір баға белгілеу жүйесі бар темір жол инфрақұрылымының қызметтерінің дара жеткізушісі пайда болады.

# ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

Жаһандану жағдайында темір жол теңіз порттарымен, автожол кәсіпорындарымен, сонымен қатар аэропорттармен тығыз әрекеттеседі.

2012 жылы мемлекет көліктік логистика бағытын дамытуға бағытталған мақсатты іс-шараларды қабылдады. Қазақстанның Орталық Азияда іскер, көліктік-логистикалық буыны ретінде танылуында басты рөл «ҚТЖ» ҰК» АҚ берілуде.

2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында Президент Н. Назарбаев «Өз пайдамызды мұқият есептей отырып, Қазақстанның шегінен тыс өндірістік көліктік-логистикалық объектілер құру үшін, елден сыртқа шығуға назар тіктеудің маңызы зор… Біз қазіргі түсініктерімізден арылып, өңірде және барша әлемде – Еуропада, Азияда, Америкада, мысалы, теңізге тікелей шыға алатын елдердің порттары, әлемнің тораптық транзиттік нүктелеріндегі және тағы басқа, көліктік-логистикалық хабтар секілді қазіргі заманғы кәсіпорындар құруға тиіспіз» деген міндет қойды.

Қазақстанның көліктік логистикасының операторы міндетін жүзеге асыру шектерінде, «ҚТЖ» ҰК» АҚ серіктестерімен бірге компанияға Ақтау теңіз портының акцияларын табыстау жөніндегі жұмысты аяқтауда. Логистика саласындағы әлемдік көшбасшылардың тәжірибесін қолдану арқылы портты басқару мәселесі шешілуде.

Компания Ақтау – Баку паром өткелін ашу, осы мақсатта кемелік қуаттарды сатып алу бойынша жобаны жүзеге асырады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Қазақстанның 11 жетекші аэропортының мемлекеттік активтерін басқаруға қатысу туралы сұрақ қарастырылуда.

Ең үлкен жүк ағындары шоғырланған ҚР аймақтарында көліктік-логистикалық орталықтарды салудың ТЭН дайындау басталды.

ҚХР шекарасында «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА дамыту жалғасуда.

## ҚАЗАҚСТАН ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗ

Жыл сайын Қазақстан Республикасындағы жүк және жолаушылар тасымалдарының жалпы көлемінің жартысынан астам бөлігін темір жол көлігі қамтамасыз етеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тораптық темір жол желісі операторының қызметтерін орындау, темір жол көлігімен жолаушылар мен жүк тасымалдау сияқты қызмет түрлерін жүзеге асырады. Аталған қызмет «Темір жол көлігі туралы» және «Табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Бүгінгі күні темір жол көлігі Қазақстан Республикасының өндірістік инфрақұрылымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстанның географиялық жағдайлары (теңізге тікелей шығу жолының болмауы, кеме жүретін өзендердің болуы), аумақтың кеңдігі, өндірістің шикізаттық құрылымы және өндірістік күштердің болуы, автокөлік инфрақұрылымының нашар дамуы экономикадағы темір жол көлігінің рөлін аса маңызды қылады.

Қазақстанның темір жол саласы дамып жатқан экономика саласы болып табылады, оның өндірістік және техникалық әлеуеті соңғы уақытта артуда және 160 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтиды.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК ТАСЫМАЛДАРЫ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

Қазақстанның экономикалық және географиялық ерекшеліктері (ауқымды аумағы, теңізге шығатын жолының болмауы, елді мекендер мен табиғи ресурстардың біркелкі орналаспауы) оның экономикасын әлемдегі ең жүк сыйымдылығы жоғарылардың біріне айналдырады, және бұл көлік жүйесінен жоғары тәуелділігіне себепші.

Еуропа мен Азия түйісетін жерде орналасып, Қазақстан азиялық мемлекеттерге Ресеймен және Еуропамен географиялық баламасыз жер үсті көлік байланысын ұсынып, елеулі транзиттік әлеуетке ие.

Салыстырмалы түрде алқаптық ландшафт және табиғи тас материалының үлкен қорларының болуы темір жол және автокөлік транспортының коммуникацияларын кедергісіз дамытуға мүмкіндік береді.

Жер үсті байланыс жолдары желісінің негізгі үлесі автокөлік және темір жолдарына тиесілі (шамамен 96 және 14,8 мың км сәйкесінше). Пайдаланылатын су жолдарының ұзақтығы шамамен 4 мың км құрайды.

Өз дамуының заманауи кезеңінде республиканың көліктік кешені негізгі құралдарының қанағаттандырмайтын жағдайымен, ескірген және жеткілікті шамада дамымаған инфрақұрылымдармен және технологиялармен сипатталады.

Қазақстан аумағы бойынша республикада қолданылатын көліктік инфрақұрылым негізінде 4 халықаралық көліктік дәліз өтеді және құрылады. Атап айтсақ:

**Трансазиялық темір жол торабының солтүстік (ТАТТ) дәлізі**: Батыс Еуропа – Қытай, Корея түбегі және Жапония, Ресей мен Қазақстан арқылы (Достық – Ақтоғай – Саяқ – Мойынты – Астана – Петропавл (Пресногорьковская) бөлігінде).

**ТАТТ солтүстік дәлізі**: Оңтүстік-Шығыс Еуропа – Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия, Түркия, Иран, Орталық Азия елдері мен Қазақстан арқылы (Достық – Ақтоғай – Алматы – Шу – Арыс – Сарыағаш бөлігінде).

**ТРАСЕКА**: Шығыс Еуропа – Орталық Азия, Қара теңіз, Кавказ және Каспий теңізі арқылы (Достық– Алматы – Ақтау бөлігінде).

**Солтүстік-Оңтүстік**: Солтүстік Еуропа – Персы шығанағы, Ресей мен Иран арқылы Қазақстанның қатысуымен, Ақтау теңіз порты– Ресейдің орал аймақтары – Атырау бөлігінде. Негізгі құрлықаралық маршруттарда қатысатын бағыттармен қатар, **ТАТТ орталық дәлізін** атап өткен жөн, ол Сарыағаш – Арыс – Қандыағаш – Озинки бағыты бойынша аймақтық көлік тасымалдары үшін жоғары маңызға ие.

Дәліздер Шығыс-Батыс байланысындағы қашықтықты және жүктердің жеткізілу мерзімдерін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді. Қытай экономикасының, атап айтсақ оның батыс аймақтарының қарқынды дамуы бүгінгі күннің өзінде әлемдік нарықтарға әр түрлі тауарлар тізімін жеткізу қажеттілігін тудырады.

Қазақстан Үкіметімен 2015 жылға дейінгі мемлекеттің көліктік саласын дамыту Стратегиясы дайындалды және бекітілді, оның мақсаты– мемлекеттің болашақтағы экономикалық стратегиясына сәйкес көліктік-коммуникациялық кешеннің озық дамуы.

Көліктік стратегияны дамыту нәтижесінде көліктік жүйенің әрекет етудің сапалы жаңа деңгейге ауысуы жүзеге асырылады. Инфрақұрылымды қаржыландыруға толық өзін-

# НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

ТЕМІР ЖОЛДАР ҰЗАҚТЫҒЫ:
14,8 МЫҢ КМ

ЭЛЕКТРЛЕНДІРІЛГЕН УЧАСКІЛЕР
4,2 МЫҢ КМ

16 ҚЫТАЙМЕН, РЕСЕЙМЕН, ӨЗБЕКСТАНМЕН, ҚЫРҒЫЗСТАНМЕН ЖӘНЕ ТҮРКІМЕНСТАНМЕН ТҮЙІСЕТІН ПУНКТ



1 920 ЛОКОМОТИВ

65,5 МЫҢ ЖҮК ВАГОНДАРЫ

2 255 ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНДАРЫ

784 БЕКЕТТЕР МЕН ТАРАТУ ПУНКТТЕРІ

160 мың жұмыскер



ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, ISO/IEC 27001:2005, ЖӘНЕ OHSAS 18001:2007 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛУІ

өзі өтеу қағидатында ауысу оның кейінгі тұрақты дамуы мен жоғары техникалық және технологиялық қолдау үшін ресурстар құруға мүмкіндік береді.

Қазақстан көлік кешені әлемдік көлік кешеніне үйлесімде негізделеді. Көліктік инфрақұрылым әлемдік стандарттарға сәйкес келеді. Экология саласындағы нормативтік база мен бақылау жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкестендіріледі.

Осының барлығы негізгі бөлігін контейнерлік тасымалдар құрайтын транзиттік тасымалдар үлесін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Транзит мемлекет бюджеті мен көліктік компанияларға келетін елеулі қаржылық түсімдерді қамтамасыз етеді.

Стратегия темір жол, автокөлік, қалалық жолаушылар, әуе және су көліктік түрлерін қамтиды, олардың дамуы мен әрекет етуі айтарлықтай дәрежеде мемлекет саясатынан тәуелді.

Стратегия барлық көлік құралдарының түрлерін жаңартумен бірге «түзулеуші» көлік жолдары мен инфрақұрылымдардың – қолда барын жетілдіруді және жаңасын салуды қамтиды.

## МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ активтер портфелінің құрылымы бейіндік және бейіндік емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын және Қазақстанның барлық аумағы бойынша географиялық орналасуға ие еншілес және ортақ бақыланатын ұйымдары бар, атқарымдық қағидаты бойынша ұйымдастырылған тік-интеграцияланған компания құрылымы болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тиесілі:

### 1. КЕЛЕСІ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРДЫҢ 100% ПАКЕТІ:

**1) «Локомотив» АҚ.**
«Локомотив» АҚ қызметінің негізгі түрлері: жетекті қозғалмалы құрамның қызметтерін ұсыну, локомотивтер жұмысын техникалық ұйымдастыру, локомотивтерді барлық қор мен резерв түрлерде техникалық жарамды жағдайда күту.

**2) «Қазтранссервис» АҚ.**
«Қазтранссервис» АҚ қызметінің негізгі түрлері: контейнерлік тасымал қызметтерін ұсыну (жөнелтушілердің тапсырыстарын рәсімдеуден қабылдаушыларға жүктерді жеткізуге дейін), жүк вагондары мен контейнерлерін тіркеу және пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру), заңды және жеке тұлғаларға барлық ілеспе қызметтерді көрсету (барлық байланыс түрлерінде).

**3) «Транстелеком» АҚ.**
«Транстелеком» АҚ қызметінің негізгі түрлері: заңды және жеке тұлғаларға жергілікті, қалааралық және халықаралық байланыс, аудиомәжілісбайланыс және/немесе видеомәжілісбайланыс қызметтерін, Интернет желісіне қол жетімділікті, байланыс арналарын жалдауды, желілердің қосылуын және трафиктің өткізілуін, жылжымалы радиотелефондық байланысты, ұялы байланысты, жылжымалы радиобайланысты ұсыну, тораптық желі операторының келісімімен темір жол көлігінің тармақталу бөлігінде де, сондай-ақ кез келген басқа рұқсат етілген жерлерде талшықты-оптикалық және мыс шоғырсымдық байланыс желілерін, серіктік және радиорелелік телекоммуникация жүйелерін құру және пайдалану.

**4) «Жолаушылар тасымалы» АҚ.**
«Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: халықаралық, облысаралық, ауданаралық және ішкі байланыстарда темір жол жолаушылар тасымалын, жүк, жолжүк, және пошталық жөнелтілімдер тасымалын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, жолаушылар вагондары паркінің қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру, жолаушыларға қызмет көрсетудің сапасы мен мәдениетін қамтамасыз ету, жолаушылар поездары қозғалысының, жолаушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және тасымалданатын жүктердің, жолжүктердің, және пошталық жөнелтілімдердің сақталуын қамтамасыз ету.

**5) «Көліктік сервис орталығы» АҚ.**
«Көліктік сервис орталығы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: заңды және жеке тұлғаларға темір жол қатынас жолдары қызметтерін көрсету, атап айтсақ: жылжымалы құрамның өтуін, маневрлер жұмыстарын, жүк тиеу-түсіруді, тасымалдау үрдісінің басқа технологиялық операцияларын, сонымен қатар тасымалдау үрдісінің технологиялық параметрлерімен қарастырылмаған жылжымалы құрамның жылжымалы құрамның тұрағын ұсыну, темір жол қатынас жолдарына күтім жасау және жөндеу, шағын механикаландыру құралдарын дайындау.

**6) «Әскери темір жол күзеті» АҚ.**
«Әскери темір жол күзеті» АҚ қызметінің негізгі түрлері: заңды және жеке тұлғалардың мүлігін қорғау, соның ішінде тасымалдаған кезде, құқыққа қайшы араласушылықтар

бойынша күзет әдістері мен құқықтық қорғаныс бойынша кеңес беру, заңды тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.

**7) «Қазтеміртранс» АҚ.**

«Қазтеміртранс» АҚ қызметінің негізгі түрлері: жүктерді тасымалдау, соның ішінде шағын, арнайы, әскери және қауіпті жүктерді тасымалдау, вагондарды жеткізу және тазарту бойынша қызметтер ұсыну, көліктік-экспедициялық қызметтерді ұсыну, вагондар операторының қызметтерін көрсету, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасатын Қоғамға тиесілі вагондардың тіркеуін жүргізу, жүк вагондарын мүліктік алымға (жалдауға) ұсыну, жүк вагондарын жөндеу.

**8) «Теміржолсу» АҚ.**

«Теміржолсу» АҚ қызметінің негізгі түрлері: темір жол көлігін және халықты ауыз және техникалық сумен жабдықтау қажеттіліктерін уақытылы және сапалы қамсыздандыру, ағын суларды қабылдау, тазарту және шығару, сумен жабдықтау жүйелеріне және санитарлық-техникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсету, темір жол ұйымдарының, заңды тұлғалардың және жылу және электр энергетикасындағы халықты қажеттіліктерін уақытылы және сапалы қамсыздандыру.

**9) «Локомотив сервис орталығы» АҚ.**

«Локомотив сервис орталығы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: қолданыста локомотивтердің техникалық жарамды жағдайын және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету, локомотив жетегінің қызметтерін көрсету, локомотив бригадаларының демалысын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету, локомотивтерге жанар-жағармай материалдарын құю, локомотивтерді маймен, сумен, құммен жабдықтау, темір жол жылжымалы құрамын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, темір жол жылжымалы құрамның доңғалақ жұптарын куәландыру бойынша қызмет көрсету, доңғалақ жұптарын жөндеу және қызмет көрсету.

**10) «Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ.**

«Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ қызметінің негізгі түрлері: темір жол көлігінің және басқа сала ұйымдарының темір жол жылжымалы құрамын, оның буындары мен агрегаттарын жөндеудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру, жаңа технологияларды, жабдықты, механикаландыру және автоматтандыру құралдарын дайындау және өндірістік үрдістерге енгізу, қосалқы бөлшектерді және стандартты емес жабдықты дайындау.

**11) «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ.**

«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ қызметінің негізгі түрлері: локомотивтерді өндіру, локомотивтерге арналған қосалқы бөлшектерді өндіру, жетекті жылжымалы құрамға қызмет көрсету, локомотив паркінің техникалық жарамды жағдайын және локомотивтердің қолданыстағы тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, ғылым мен техниканың жетістіктерінің негізінде дайындалған жаңа жетек түрлерін, оларды пайдалану және жөндеу үшін қажетті құрылғыларды енгізу бойынша іс-шаралар дайындау және орындау, лизингтік қызмет.

**12) «Ремлокомотив» АҚ.**

«Ремлокомотив» АҚ қызметінің негізгі түрлері: жетекті жылжымалы құрамның, моторвагонды жылжымалы құрамның, санатты вагондардың және жол техникасының жетілдіру, капиталды жөндеу, техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарын және басқа жұмыс түрлерін ұйымдастыру және орындау, локомотив жабдығын жөндеу және жетілдіру.

**13) «Көліктік логистиканың ұлттық даму орталығы» АҚ.**

«Көліктік логистиканың ұлттық даму орталығы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: көліктік саясат саласында зерттеулер жүргізу, транзиттік жүк ағынына арналған дәліздерді анықтау, Қазақстан Республикасының көліктік-логистикалық кешенінің дамуы бойынша ұсыныстарды дайындау, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде көліктік-логистикалық қызметтер нарығының маркетингтік зерттеулерін жүргізу, мемлекеттік органдарға, өнеркәсіптік ұйымдарға, қоғамдық ұйымдарға және жеке тұлғаларға көліктік-логистикалық қызметтер сұрақтары бойынша ақпараттық және консультациялық қызметтер ұсыну.

**14) «Вокзал-сервис» АҚ.**

«Вокзал-сервис» АҚ қызметінің негізгі түрлері: вокзалдардың тиісті жұмысын ұйымдастыру, темір жол вокзалдарында жолаушыларға техникалық қызметтің көрсетілуін ұйымдастыру (билет кассалары, күту бөлмелері, санитарлық-тұрмыстық бөлмелер мен ақпараттық қызмет көрсету объектілері, медициналық бекеттер, күзет бекеттері, қоғамдық тәртіпті қорғау бекеттері), темір жол вокзалдарының, перрондардың қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану жұмыстарын орнату, темір жол вокзалдарында және перрондарда сервистік қызмет көрсету инфрақұрылымын дамыту және жетілдіру, жол жүру билеттерінің сатылымын ұйымдастыру, жолаушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және темір жол вокзалдарында, перрондарда тасымалданатын жүктің сақталуын қамтамасыз ету.

## 2. КЕЛЕСІ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРДЫҢ ПАКЕТІ:

**1) «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ қарапайым акциялардың 65,00% пакеті.**

«Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: темір жол саласы, сонымен қатар қалалық электр көлігі, метрополитен мен автокөлік, ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар үшін кадрларды дайындау.

**2) «Досжан темір жолы» АҚ қарапайым акциялардың 46,016% пакеті.**

«Досжан темір жолы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: жобалық-сметалық құжаттар мен жобалық-іздестіру жұмыстарының дайындалуын қамтамасыз ету, құрылыс, жөндеу және іске қосу-реттеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін мердігерлік ұйымдарды тарту, жобалық құжаттаманың және орындалған мердігерлік жұмыстардың сараптамасын, сонымен қатар жаңа инфрақұрылымдық объектілердің қабылдануын ұйымдастыру, Қоғамның құнды қағаздарының шығарылуы мен ұйымдастырылуын ұйымдастыру арқылы «Шар бекеті – Өскемен» темір жол желісінің құрылысы мен пайдаланылуы үшін қажетті қаражаттарды тарту, «Шар бекеті – Өскемен» темір жол желісін және басқа темір жол инфрақұрылымдарының объектілерін пайдалану.

**3) «Кедентранссервис» АҚ қарапайым акциялардың 33,00% пакеті.**

«Кедентранссервис» АҚ қызметінің негізгі түрлері: жүк тиеу-түсіру жұмыстары, жүктердің кедендік рәсімделуі, локомотивтік жетек қызметтерін ұсыну, вагондар (контейнерлер) операторы қызметтерін ұсыну, жеке кедендік тәртіптер шектерінде, Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет, кедендік қызметтер.

**4) «Теміржол жөндеу» АҚ қарапайым акциялардың 23,43% пакеті.**

«Теміржол жөндеу» АҚ қызметінің негізгі түрлері: жолдарды қайта құру, капиталдық және орташа жөндеу бойынша жұмыстарды және жол шаруашылығындағы, жаңа темір жол желілерінің құрылысындағы басқа жұмыс түрлерін ұйымдастыру және орындау, ауыр жол машиналарының, механизмдердің және жабдықтың паркін пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу, рельс-шпал торын бекіту, сілтемелік аударымдарды жинау және төсеу, жүктер тасымалы, меншікті жылжымалы құраммен жоғарғы жол құрылысының материалдарын және сусымалы жүктерді тасымалдау, жол машиналарының капиталдық, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, автотракторлық техниканы, дизельдік қозғалтқыштарды және шағын механикаландыру құралдарын жөндеу, темір жолдардың, автокөлік жолдарының балласттық қабаты және құрылыс үшін малтатас өндіру.

**5) «Каскор Транссервис» АҚ қарапайым акциялардың 13,403% пакеті.**

«Каскор Транссервис» АҚ қызметінің негізгі түрлері: көліктік-экспедициялық қызмет көрсету, Маңғышлақ б. – Ақтау порты бөлігінде жүру жолдарының қызметтерін ұсыну.

**6) «Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» (ҚХБ ЖЗҚ) АҚ қарапайым акциялардың 3,521% пакеті.**

ҚХБ ЖЗҚ қызметінің негізгі түрлері зейнетақы салымдарын қабылдау және салымшылар үшін инвестициялық табысты қамтамасыз ету.

## 3.КЕЛЕСІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІКТЕРІНІҢ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРДЫҢ 100% ПАКЕТІ:

**1) «Орманқорғау» ЖШС.**

«Орманқорғау» ЖШС қызметінің негізгі түрлері: жасанды және табиғи орман көшеттеріне қызмет көрсету, тораптық темір жол желілері өтетін тармақтарда жаңа қарға, желге, құмға қарсы қорғаныс және абаттандыру көшеттерін құру және т.б.

**2) «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС.**

«Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС қызметінің негізгі түрлері: қатысу үлестері Серіктестікке меншік құқығы бойынша тиесілі болатын еншілес ұйымдарды басқару, темір жол салу және жөндеу, темір жол жылжымалы құрамын жөндеу, жетілдіру және дайындау, темір жол жылжымалы құрамына қызмет көрсету, радио мен байланыстың дабылдама, орталықтандыру және тосқауыл (ДСТ) құрылғыларын жобалау, салу, құрастыру, сервистік қызмет көрсету.

**3) «Ғылыми-зерттеу көлік институты» ЖШС.**

«Ғылыми-зерттеу көлік институты» ЖШС қызметінің негізгі түрлері: ғылыми-зерттеу қызметі; тәжірибелік-конструкторлық қызмет, жобалау-іздестіру қызметі.

**4) «Ақжайық-Батыс 2006» ЖШС.**

Қазіргі уақытта «Ақжайық-Батыс 2006» ЖШС өндірістік қызметті жүзеге асырмайды және 2009 жылдың 24 қарашасындағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің (№ 7 хаттама) шешіміне сәйкес тарату кезеңінде орналасуда.

## 4. «ҚОРҒАС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕДЕНДІК СЕРІКТЕСТІК ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРДЫҢ 100% ПАКЕТІ.

«Қорғас» халықаралық кедендік серіктестік орталығы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: «Қорғас» халықаралық кедендік серіктестік орталығының қазақстандық бөлігінде инфрақұрылымды құру, дамыту және әрекет етуін қамтамасыз ету; құру мақсаттарына қол жеткізу үшін Орталықтың қазақстандық бөлігінде қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен және шаруашылық субъектілерімен әрекеттесу; Орталық дамуының ағымды, ұзақ мерзімді бағдарламаларын дайындауда және жүзеге асыруда қатысу және басқа.

# ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢА ЖІБЕК ЖОЛЫ



# МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

## «ҚТЖ» ҰК» АҚ ТИЕСІЛІ

1

### КЕЛЕСІ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМАКЦИЯЛАРДЫҢ 100% ПАКЕТІ:

- «Локомотив» АҚ
- «Қазтранссервис» АҚ
- «Транстелеком» АҚ
- «Жолаушылар тасымалы» АҚ.
- «Көліктік сервис орталығы» АҚ
- «Әскери темір жол күзеті» АҚ
- «Қазтеміртранс» АҚ
- «Теміржолсу» АҚ
- «Локомотив сервис орталығы» АҚ
- «Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ
- «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ
- «Ремлокомотив» АҚ
- «Көліктік логистиканың ұлттық даму орталығы» АҚ
- «Вокзал-сервис» АҚ

2

### КЕЛЕСІ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРДЫҢ ПАКЕТІ

- «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ қарапайым акциялардың 65,00% пакеті
- «Досжан темір жолы» АҚ қарапайым акциялардың 46,016% пакеті
- «Кедентранссервис» АҚ қарапайым акциялардың 33,00% пакеті
- «Теміржол жөндеу» АҚ қарапайым акциялардың 23,43% пакеті
- «Каскор Транссервис» АҚ қарапайым акциялардың 13,403% пакеті
- «Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» (ҚХБ ЖЗҚ) АҚ қарапайым акциялардың 3,521% пакеті

3

### КЕЛЕСІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІКТЕРІНІҢ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРДЫҢ 100% ПАКЕТІ:

- «Орманқорғау» ЖШС
- «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС
- «Ғылыми-зерттеу көлік институты» ЖШС
- «Ақжайық-Батыс 2006» ЖШС

4

### «ҚОРҒАС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕДЕНДІК СЕРІКТЕСТІК ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРДЫҢ 100% ПАКЕТІ.

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ТӨРАҒАСЫ Н. БАЙДАУЛЕТОВ

**ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР, КЛИЕНТТЕР!**

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы ұсынған Жылдық Есепте өндірістік және қаржылық көрсеткіштер өсуінің, әлеуметтік индикаторлардың, теміржол көлігі қызметінің мультипликативті әсерінің жағымды беталыстары көрсетілген.

2012 жылдың қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ жеделдетілген индустриалды-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «2012 жылғы индустриалдандыру көшбасшысы» номинациясында «Алтын сапа» әлеуметтік сыйақысымен марапатталды.

2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі жаңа сапаға көшті – компания өзіне үш сала қызметтерін шоғырландырды: теміржолдық, машина жасау және логистикалық. Және барлығында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмыстың тиімділігінің артуы және еңбек өнімділігінің дамуы бойынша мақсатты түрде іс-шаралар жүргізеді.

2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқару жүйесі сапаны басқару, экологиялық қауіпсіздік, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі, ақпараттық қауіпсіздік салаларында халықаралық стандартқа сәйкес сертификатталған.

Компанияға Standard & Poor`s, Fitch Ratings, Moody`s Investors Service сияқты үш беделді рейтингтік агенттіктердің жоғары несиелік рейтингтері берілген, бұл «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес мекемелеріне қолайлы жағдайларда несиелік қажаттарды тартуға мүмкіндік береді.

Еуроазиаттық көліктік – логистикалық хаб құратын оператор ретінде өзін жайғастыра отырып, компания мультимодальды халықаралық жобаларды жүзеге асырады. 2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Чунцин – Достық – Дуйсбург маршруты бойынша тұрақты контейнерлік поездар қатынасын орнатты, Ухань (ҚХР) – Пардубице (Чехия) Чэнду (Қытай) – Лодзь (Польша), Ляньюньган (ҚХР) – Аламедин бекеті (Қырғызстан) және басқа бағыттарында, осы маршруттарда электрондық құжат айналымын енгізе отырып, ұшқышты контейнерлік поездар жөнелтті.

«Қазақстан темір жолы» компаниясын осы және басқа да жобаларында қолдағандарға алғысымды білдіремін, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның серіктестері өркендей берсін.

**Құрметпен,**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар Кеңесінің Төрағасы Н. Байдаулетов



«ҚТЖ» ҰК АҚ ПРЕЗИДЕНТІ
А. МАМИН

**ҚҰРМЕТТІ СЕРІКТЕСТЕР, ДОСТАР!**

Бүгінгі таңда «ҚТЖ» ҰК» АҚ – бұл объектілердің тармақтану жүйесі бар мультимодаль-ды көп салалы корпорация.

Компания теңіз порттарын, басты темір жол бағыттарын, құрлықтық және әуе-дәліздік логистикалық терминалдардың халықаралық жүйесін құра отырып, өз ықпалын Қазақстан шекарасынан тыс жерлерге таратуда.

160 мың теміржолшылардың ерен еңбектері былтырғы жылы келесілерге қол жеткізді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және ел Үкіметінің тапсырмаларын жүзеге асыруда әр аудандарда үш ірі толық циклді өндіріс ашылды: Астанадағы электровоз өндіру бойынша зауыт, Жамбыл облысындағы Шу бекетінде маневр телповозын шығару бойынша зауыт және Өскемендегі ірі вагон құю өндірісі.

Астанада «Evolution» тепловоздары үшін қозғалтқыш шығару, Ақтөбеде рельс-арқалық зауытын құрастыру бастау алды.

Қазақстан арқылы үш елге сапар шегетін Жезқазған – Сексеуіл және Арқалық – Шұбаркөл теміржол тораптары құрылуда, ол айтарлықтай тиімді, жақын аумақтарда өмір деңгейі мен экономикалық даму – айтарлықтай жоғары.

Жеделдетілген индустриалдық – иновациялық дамудық Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ барлығы жоғары экспорттық потенциалмен 9 ірі зауыт салынды.

Компанияға аймақтық жолаушылар хабын құрумен әуежайға және республикалық маңызы бар автожолдарға жақын, Астанада екінші теміржол вокзалын құрастыру қажет болады.

Компания басшылығы «ҚТЖ» ҰК» АҚ міндеті экономиканың тұрақты өсуінің жөнді көліктік негізін қамтамасыз ету екендігі бірнеше рет атап көрсетті. Бүгін Жылдық Есеп мәліметтерімен расталып отырған, барлық көрсеткіштерінде бұл міндет орындалды деп сеніммен айтуға болады.

**Құрметпен,**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А. Мамин

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ұзақ мерзімді преспективаға Компанияның стратегиялық мақсаттарын, дамудың басым бағыттарын анықтайды және қызметтің негізгі тұспалдарын белгілейді, қойылған мақсаттың орындалуы үшін қажетті қаржылық және адами ресурстардың болуын қамтамасыз етеді. Директорлар Кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ атқарушы органы қызметіне бақылау жасайды.

**31.12.2012 ж. жағдай бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар Кеңесінің құрамы:**

## БАЙДАУЛЕТОВ Нуржан Талипович

**директорлар Кеңесінің Төрағасы**

1960 жылы туған. 1986 жылы «Теміржол көлігінде тасымалдау процесін басқару» мамандығы бойынша Мәскеу теміржол көліктері институтын бітірген.

1986 жылы еңбек жолын поезд құраушы, Целинный темір жолының Екібастұз бекеті бойынша кезекші болып бастаған. Екібастұз станциясында инженер – технолог, Павлодар қ. Павлодар – Северный бекетінде бас инженер болып жұмыс істеген.

1989 жылдан 1998 жылға дейін Целинный темір жолының Павлодар бөлімшесінің тасымалдау бөлімі бастығының орынбасары, Павлодар қ. Павлодар бекетінің бастығы, Целинный темір жолының Павлодар бөлімшесінің тасымалдау бөлімі бастығының бірінші орынбасары, «Қазақстан темір жолы» РМК Ақмола темір жолының бастығы.

1998 жылы Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрлігінің теміржол көлігі департаменті Директоры қызметіне тағайындалды.

2003 жылдан 2004 жылға дейін – Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрлігінің Вице-Министрі.

2004 жылдан 2006 жылға дейін – Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрлігінің жол қатынастары комитетінің Төрағасы.

2006 жылдан бастап – қазіргі уақытта – «Самұрық» Холдингі» АҚ көліктік және өндірістік активтерін басқару бойынша Директор, «Самұрық» Холдингі» АҚ Басқарушы директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар Кеңесінің төрағасы.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғашқы рет 20.06.2006 ж. сайланған, 21.06.2012 жылы қайта сайланған.

## МАМИН Аскар Узакпаевич

**директорлар Кеңесінің Мүшесі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті – Басқарма Төрағасы**

1965 жылы дүниеге келген. Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, Г.В. Плеханов ат. Ресей экономикалық академиясын инженер-құрылысшы, экономист мамандығы бойынша тәмамдады.

Еңбек қызметін 1987 жылы «Целинтяжстрой» трестінің құрастырушысы ретінде бастады. Қазақстан жаңартпашыл кәсіпорындарының одағында бас директорының орынбасары ретінде жұмыс істеді.

1996 жылдан 2008 жылға дейін – Астана қаласы Әкімінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациядар вице-министрі, индустрия және сауда бірінші вице-министрі, көлік және коммуникациялар министрі, Астана қаласының әкімі.

2008 жылдың сәуір айынан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқару Төрағасы-Президенті, «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғашқы рет 04.04.2008 ж. сайланған, 21.06.2012 жылы қайта сайланған.

## УРАЗБЕКОВ Марат Жанабергенович

**директорлар Кеңесінің мүшесі**

1960 жылы туған. 1986 жылы Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын бітірген және инженер – электромеханик біліктілігін алған. 2000 жылы мемлекеттік және муниципалдық басқару мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік қызмет Академиясын аяқтаған.

Еңбек өтілін локомотивтік депо шебері, аға шебері болып бастаған.

1988 жылдан Алматы темір жолдың Арыс локомотивтік депосына бас технолог болып тағайындалады.

1993 жылдан 2003 жылға дейін Қазақстан Республикасы көлік министрлігінің Темір-жол көлігі Департаментінің зауыттық және жөндеу кешенін дамыту білімі бастығының орынбасары, бастығы, теміржол көлігі Департаменті директорының орынбасары, одан кейін осы Департаменттің директоры болып тағайындалған.

2003 жылдың тамыз айынан 2008 жылдың қазанына дейін ҚР көлік және коммуни-кация министрлігінің теміржол көлігі Комитеті Төрағасының орынбасары, көлік және коммуникация Министрлігінің жол қатынасы Комитетінің Төрағасы.

2008 жылдың қазан айынан бастап қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» АҚ көлік актив-терін басқару бойынша дирекция директоры болып қызмет атқарады.

2012 жылдың қаңтар айынан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғашқы рет 24.01.2012 ж. сайланған, 21.06.2012 жылы қайта сайланған.

## КАСЫМБЕК Женис Махмудович

**директорлар кеңесінің Мүшесі**

1975 жылы туған. Архитектор – дизайнер мамандығы бойынша Қазақ мемлекеттік архитекторлық – құрылыс академиясын және мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша Еуразиялық университетті бітірген.

Еңбек өтілін «Темірбанк» ААҚ бас банкирі болып бастаған. Табиғи монополияны реттеу және бәсекелікті қорғау бойынша ҚР Агенттігі порттары мен теміржол көлігі бөлімінде бастық болып, координация мен тарифтік саясат Департаментінің тариф-тік саясат бөлімінің бастығы, ҚР көлік және коммуникация Министрлігінің су көлігі Департаментінің директоры, «Ақтау халықаралық теңіз порты» РМК директоры болып жұмыс істеген.

2005 жылдың қараша айынан бастап – Қазақстан Республикасы көлік және коммуни-кация Вице-министрі.

2009 жылдың 12 наурызында Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрлігінің Жауапты хатшысы болып тағайындалды.

2011 жылдан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің Мүшесі.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсеке-лестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғашқы рет 20.06.2006 ж. сайланған, 21.06.2012 жылы қайта сайланған.

## СЫЗДЫКОВ Тито Уахапович

**Тәуілсіз директор**

1948 жылы туған. Семей зоотехникалық – ветеринарлық институтын Павлодар уни-верситетін аяқтаған. Әлеуметтік сала мен салаларда экономика және менеджмент бойынша магистр.

Тито Сыздыков он жылдай Павлодар облысы шаруашылығында жұмыс істеген.

Совхоз басқарған, одан кейін көп жылдар бойы жауапты партиялық және кеңестік қызметтерге тағайындалған.

1997 жылдан 1999 жылға дейін Павлодар облысының Ақсу қаласында әкім болып істеген.

1999 жылы Қазақстан Республикасы Мәжіліс парламентінің депутаты болып сайланған.

2012 жылдан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғашқы рет 02.10.2012 ж. сайланған.

## ИСИНГАРИН Нигматжан Кабатаевич

**Тәуелсіз директор**

1941 жылы туған. 1964 жылы Орал теміржол көлігі инженерлерінің электромеханикалық институтын бітірген. 1984 жылы КСРО Министрлері Кеңесінде халық шаруашылық Академиясын аяқтаған.

1964 жылдан 1986 жыл аралығында – инженер, бас инженер, Целиноград дабыл мен байланыс арақашықтығы бастығы, Целиноград жол бөлімі дабыл мен байланыс арақашықтығы бастығы, Қазақ темір жолы бас инженерінің орынбасары – техника бөлімінің бастығы, бас инженер, Целинный темір жолының бастығы.

1986 жылдан 1991 жылға дейін – КСРО жол қатынасы Министрлігінің министр орынбасары, Алма–Ата темір жолының бастығы.

1991 жылдан 2002 жылға дейін Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация Министрі, Қазақстан Республикасы премьер-министрінің бірінші орынбасары, Кеден Кеңесі Интеграциялық комитетінің төрағасы (Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан), Еуразия Экономикалық Қоғамы Бас хатшысының орынбасары.

2002 жылдан бастап – қазіргі уақытта – «Экономтрансконсалтинг» ЖШС Бас директоры, Қазақстан Ұлттық Экспедиторлар Ассоциациясының, Қазақстан тасымалдаушылар мен вагон операторлары Ассоциациясының төрағасы.

2006 жылдан – «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғашқы рет 20.06.2006 ж. сайланған, 21.06.2012 жылы қайта сайланған.

## УОЛТОН КРИС

**Тәуелсіз директор**

1957 жылы туған. Батыс Аустралия университетін бітірген. Саясаттану бакалавры және қаржы саласында бизнес магистрі (MBA) дәрежесі бар.

1983 жылдан 2005 жылға дейін – Д. Эвансе сенаторы жанында ғылыми қызметкер, «БиПи Аустралия» компаниясында ұжымдық жоспарлаушы, топты қаржылық жоспарлау бойынша менеджер, қаржы директоры міндетін атқарушы, Аустралия әуежолы тобының қаржы менеджері, Аустралия пошта қаржы басқармасының бас менеджері, қаржы менеджері, «Нью-Зеланд Эйр» халықаралық департаменті директоры міндетін атқарушы, тиімді серіктестік бойынша бас менеджер, «Квантас Эрвейз» қаржылық талдау және жоспарлау бойынша бас менеджер, «ИзиДжет» АҚ қаржы директоры.

Қазіргі уақытта – «Голденпорт Холдингс Инк» лиректорлар Кеңесінің тәуелсіз төрағасы, «Рокхоппер Эксплорейшн» ААҚ аудиторлық комитетінің төрағасы.

2008 жылдан – «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

Ұлыбритания азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғашқы рет 13.06.2008 ж. сайланған, 21.06.2012 жылы қайта сайланған.

# БАСҚАРМА

Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады, оның құзыреттілігіне Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнама актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыреттілігіне жатқызылмайтын барлық сұрақтарды шешу тапсырылады.

**2012 жылғы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының құрамы:**

## МАМИН Аскар Узакпаевич

**Басқарма Төрағасы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті**

Мамин Аскар Узакпаевич 1965 жылы Целиноград қаласында дүниеге келген. Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, Г.В. Плеханов ат. Ресей экономикалық академиясын инженер-құрылысшы, экономист мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбек қызметін 1987 жылы «Целинтяжстрой» трестінің құрастырушысы ретінде бастады. Қазақстан жаңартпашыл кәсіпорындарының одағында бас директорының орынбасары ретінде жұмыс істеді. 1996 жылдан 2008 жылға дейін – Астана қаласы Әкімінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациядар вице-министрі, индустрия және сауда бірінші вице-министрі, көлік және коммуникациялар министрі, Астана қаласының әкімі. 2008 жылдың сәуірінен бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## КИЗАТОВ Ермек Ануарбекович

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті**

1961 жылы Ақмола облысында туған. Алматы темір жол көлігінің инженерлері институтын тәмамдады. Техникалық ғылымдар докторы. Еңбек қызметін Целинный темір жолының Новоишим жол тармағында шебер ретінде бастады темір жолының, «Қазақстан темір жолы» РМК, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарушы лауазымдарында жұмыс істеді. 2008 жылдан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті ретінде тағайындалды. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## СУЛТАНОВ Ерик Хамзинович

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ қамсыздандыру жөніндегі Вице-президенті**

1965 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Қарағанды политехникалық институтын тәмамдады. Институтты аяқтағаннан кейін Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының өнеркәсіптік және мемлекеттік кәсіпорындарында, көлік және коммуникациялар министрлігінде, Астана қаласының әкімдігінде басқарушы лауазымдарында жұмыс істеді. 2008 жылдың сәуірінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ қамсыздандыру жөніндегі Вице-президенті ретінде тағайындалды. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## АЛПЫСБАЕВ Канат Калиевич

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі Вице-президенті**

1972 жылы Ақмола облысының Атбасар қаласында дүниеге келген. Алматы темір жол көлігінің инженерлері институтын, Кентукки штатының университетін (АҚШ), Мәскеу халықаралық жоғарғы бизнес мектебін тәмамдады. Магистр ғылыми дәрежесіне ие. 1994 жылдан 2002 жылға дейін Целинный темір жолының кәсіпорындарында, «Қазақстан темір жолы» РМК, әр түрлі бейінді акционерлік қоғамдарда жұмыс істеді. 2002–2003 жж. «Эйр Астана» ЖАҚ Қаржы және басқару жөніндегі директоры, Қаржы және ақпараттық технологиялар жөніндегі вице-президенті. 2005 жылдың қарашасынан 2008 жылдың маусымына дейін «Дженерал Электрик» корпорациясының филиалының бизнесті дамыту жөніндегі директоры ретінде жұмыс істеді. 2008 жылдың маусымынан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі Вице-президенті. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## АКЧУРИН Асхат Харисович

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ персоналды басқару және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Вице-президенті**

1961 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын тәмамдады. 1983 жылдан 1996 жылға дейін ПЭТ БМКБ инженер-конструкторы, бас инженері, бастық-бас конструкторы ретінде жұмыс істеді. 1996–2008 жылдары Ақмола қаласының әкімдігінде, Астана қаласының Алматы және Сары Арқа аудандық әкімдіктерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында жұмыс істеді, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары ретінде жұмыс істеді. 2008 жылдан 2009 жылға дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ аппаратының жетекшісі. 2009 жылдан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлер құрамын басқару және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Вице-президенті. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## ИСКАЛИЕВ Ерхат Серикович

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ логистика жөніндегі Вице-президенті**

1976 жылы Алматы қ. дүниеге келген. «Карич ағайындылары» Университетінің банк ісі және сауда Академиясын, Құқықтану академиясын – «Әділет» жоғарғы құқық мектебін тәмамдады. Экономикалық ғылымдар, MBA, DBA кандидаты. Еңбек қызметін ҚР қаржы Министрлігінде басталды; Атырау облысы Әкімшілігінің басқарушы лауазымдарында жұмыс істеді. 2003 жылы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициялық саясат және жобалық қаржыландыру Департаментінің директоры. 2003 жылдан бастап келесі қызметтерді атқарды: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ басқарушы директоры, «БРК-Лизинг» АҚ логистика жөніндегі Басқарма Төрағасы, 2008–2009 жылдары – «Қазтеміртранс» АҚ президенті. 2009–2010 жылдары – ҚР индустрия және сауда Вице-министрі. 2011 жылдың маусымынан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ логистика жөніндегі Вице-президенті. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## АЛЬМАГАМБЕТОВ Канат Есмуханович

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарушы директоры – Аппарат жетекшісі**

1962 жылы Ақмола облысында дүниеге келген. Алматы темір жол көлігінің инженерлері институтын, М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын тәмамдады. Барлық еңбек өмірбаяны Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен байланысты. Еңбек қызметін Целинный темір жолының Боровое шипажайы

бекетінде поез құрастырушысының көмекшісі ретінде бастады. Кейін Целинный темір жолының басқармасында, «Қазақстан темір жолы» РМК және «Қазтеміртранс» АҚ басқарушы лауазымдарды атқарды. 2008 жылдан 2012 жылға дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ тасымал үрдісі жөніндегі Басқарушы директоры. 2012 жылдың сәуірінен бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарушы директоры – Аппарат жетекшісі. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## ХАСЕНОВ Рустем Койбагарович

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ құқықтық сұрақтары жөніндегі Басқарушы директоры**

1962 жылы Көкшетау қаласында дүниеге келген. Қарағанды Мемлекеттік Университетін тәмамдады. 1997 жылдан 2004 жылға дейін ҚР көлік және коммуникациялар Министрлігінің заң Департаментінің заң қызметінің жетекшісі, құқықтық сараптама бөлімінің бас маманы, ҚР ККМ құқықтық қызмет көрсету Басқармасының бастығы ретінде жұмыс істеді. 2004 жылдан 2008 жылға дейін – ҚР ККМ заң департаменті директорының орынбасары, Астана қалалық Әкімдігі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің меңгерушісі. 2008 жылдан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ құқықтық сұрақтары жөніндегі Басқарушы директоры. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## ЛЕПЕСБАЕВ Алмас Муратович

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ экономика жөніндегі Басқарушы директоры**

1978 жылы Ақмола облысында дүниеге келген. Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау университетін, Қазақ мемлекеттік заң университетін тәмамдады. «Қазақстан темір жолы» РМК-да жетекші инженер, бас маман және Бөлім бастығының орынбасары, «Вагон паркін басқару жөніндегі бірінші мемлекеттік компания» ЕМК-да бөлім бастығы ретінде жұмыс істеді, 2002 жылдан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да басқарушы лауазымдарда жұмыс істеді. 2009 жылдың ақпанынан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ экономика жөніндегі Басқарушы директоры ретінде жұмыс істеді. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## ЛЕПСКАЯ Елена Ивановна

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржы жөніндегі Басқарушы директоры**

1968 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Целиноград ауыл шаруашылығы институтын «Экономист – ауыл шаруашылығы өндірісінің ұйымдастырушысы» мамандығы бойынша тәмамдады. Экономикалық ғылымдар кандидаты. Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының жетекші маманы, «Цесна» корпорациясында экономисті ретінде жұмыс істеді. 1998 жылдан 2001 жылдан бастап «Астана Финанс» ЖАҚ қаржы сұрақтары жөніндегі басқарма Төрағасының Орынбасары лауазымын атқарды. 2008 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржы Департаментінің директоры болып тағайындалды. 2011 жылдың сәуірінен бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржы жөніндегі Басқарушы директоры. Қазақстан Республикасының азаматшасы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## УРЫНБАСАРОВ Бауыржан Пазылбекович

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ пайдаланылмалы жұмыс жөніндегі Басқарушы директоры**

1970 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Алматы темір жол көлігінің инженерлері институтын «Тасымалдау үрдістерінің басқармасы» мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбек қызметін Алматы темір жолының Алматы бөлімшесінде поез диспетчері ретінде бастады. Кейін Алматы қ. «ҚТЖ» РМК темір жол Басқармасының өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші инженері, бастығы ретінде жұмыс істеді. 2007–2008 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалын – «Қарағанды жол бөлімшесін» атқарды. 2009–2010 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалын – «Тасымалдау үрдісінің дирекциясын», «Алматы жол бөлімшесін» басқарды. 2010 жылдан 2011 жылға дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарушы директоры – Бас инженері. 2012 жылдың сәуірінен бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ пайдаланылмалы жұмыс жөніндегі Басқарушы директоры. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

## ЖУСУПОВ Бейбит Газизович

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ президентінің кеңесшісі**

1948 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Свердловск заң институтын, Алматы жоғары партиялық мектебін тәмамдады. 1998 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды, кейін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының аппарат Жетекшісінің Орынбасары лауазымына тағайындалды. 2004 жылдан 2007 жылға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппарат Жетекшісі лауазымын атқарды. 2007 жылдың ақпанында Қызылорда облысы Әкімінің бірінші орынбасары болып тағайындалды. 2009 жылдан бастап 2012 жылға дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарушы директоры – Аппарат жетекшісі. 2012 жылдың сәуірінен бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ президентінің кеңесшісі. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

# 2012 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2012 жылғы **тарифті жүк айналымы** 235 845 т-км деңгейінде орындалды, бұл былтырғы жылдың балама фактісінен жүк тасымалдау көлемінің артуына байланысты 50,5% жоғары.

2012 жылға **жүк айналымы** 257 846 мың тоннаны құрады, бұл астық, түсті кендер, мұнай өнімдерін, темір кендерін тиеудің артуына байланысты 2011 жыл фактісінен 3,6% артты.

2012 жылға «Жолаушылар тасымалы» АҚ нығайтуға кіретін тасымалдау бойынша **жолаушылар айналымы** 16 708 млн ж – км құрайды, «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызмет көрсететін маршруттардың артуы есебінен 2011 жыл фактісінен 14,1% жоғары.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ нығаутуға кіретін тасымалдау бойынша 2012 жылы 19 498 мың **жолаушы жөнелтілді**, бұл 2011 жыл фактісінен 17,8% жоғары.

2012 жылы 294 716 мың тонна **жүк тасымалданды**, бұл 2011 жыл фактісінен 5,4% жоғары.

2012 жылы **жүк қозғалысының орташа техникалық жылдамдығы** 49,03 км/сағ құрады, бұл 2011 жыл фактісінен 1,0% жоғары, бұл аралық бойынша қозғалыс жылдамдығының жоғарлауына сәйкес келеді.

**Локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігі** 1 735 мың тонна-км брутто құрады, бұл 2011 жыл фактісінен 1,5% жоғары.

2012 жыл қорытындылары бойынша қызмет пайдалылығы 16,8% құрады, таза табыстың төмендеуіне байланысты 5,4 пайыздық пунктіне былтырғы жылдың балама фактісінен төмен.

**Негізгі іс-әрекеттен** түсетін кіріс 13,2% өсті, оның ішінде жүк тасымалынан түсетін кіріс 13,6%, мұнын себебі:
- жүк айналымы көлемінің 5,5% өсуі;
- транзиттік хабарламада 2012 жылға тарифтік саясатта мөлшерлемелерге коэффициенттердің өзгеруімен 2012 жылдың 1 сәуіріне тарифтердің орташа 14,9%.

Жолаушылар айналымының өсуі, жаңа бағыттардың іске қосылуы және тарифтердің 12% көтерілуі нәтижесінде жолаушылар тасымалынан түсетін кіріс 15,6% өсті.

# 2012 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Табыстың өсу қарқынынан шығыстың өсу қарқынының озуы есебінен былтырғы жыл бойынша таза табыс 9 559 млн теңгеге (7,8%) азайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ үш ірі рейтингтік агенттіктердің рейтингтері бар:
**1.Standard & Poor`s** – BBB/Қалыпты деңгейінде;
**2.Fitch Ratings** – BBB/Қалыпты деңгейінде;
**3.Moody`s Investors Service** – Baa3/Қалыпты деңгейінде.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «2012 жылдың индустриалдандыру көшбасшысы» номинациясында «Алтын сапа» **сыйақысының лауреаты**.

**Еурооблигациялардың шығуы**

2012 жылдың бірінші жартыжылдығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Нидерландыда тіркелген – Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V. еншілес мекеме арқылы сыртқы және ішкі нарыққа еурооблигациялар шығару бойынша жұмыстар жүргізілген.

Нәтижесінде 2010 жылдың 10 шілдесінде Reg S/144A форматында жылдық 6,95% мөлшерлемесі бойынша 30 жыл өтеу мерзімімен 800 млн АҚШ долл. сомасына Лондондық және Қазақстандық қор биржаларына жаңа еурооблигациялар шығаруды сәтті орналастыру жасалды.

Бұл шығарылым бұрынғы кеңестік кеңістікте ұжымдық эмитенттер арасында рекордты өтеу ұзақтылығын айқындады, сонымен қатар 2008 жылдан бастап Қазақстан мен Орталық және Шығыс Европа елдері, Таяу Шығыс пен Африка аумағынан 30 жыл өтеу мерзімімен жасалған келісі көлемімен ірі болып табылады. 30 жыл өтеу мерзімімен шығаруда ТМД ұжымдық эмитенттермен қол жеткізген «Қазақстан темір жолы» төменгі табыс көзі болып табылады.

2012 жылдың 8 қарашасында Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V. 300 млн АҚШ долл. сомасына еурооблигациялар шығаруды толтырды. Еуороблигациялар сыйақымен орналастырылған болатын, және нақты бағаса өзіндік құнынан 120,244% құрады (немесе эквивалентте 60 732 000 АҚШ доллары).

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тобының еурооблигациялар орналастырудағы сәттілігі орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңге компанияның даму стратегиясын қалыптастыру есебінен қол жетіткен, инвесторлар арасында Компания беделінің жоғары деңгейін, тұрақты қаржылық жағдайын және ұжымдық басқарудың жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл қаржыландыру «ҚТЖ» ҰК» АҚ тобының инвестициялық бағдарламасын және жалпы ұжымдық мақсатын жүзеге асыру үшін тартылған.

**2012 жыл қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің негізгі өнімділік – қаржылық көрсеткіштері:**

| Атауы | Өлшем бірлігі | 2010 | 2011 | 2012 |
|---|---|---|---|---|
| Жүк тиелді | мың тонна | 239 314 | 248 847 | 257 846 |
| Тарифті жүк айналымы | млн т-км | 213 174 | 223 583 | 235 845 |
| Оның ішінде хабарландыру түрі бойынша | | | | |
| Республика ішілік | млн т-км | 82 877 | 88 405 | 91 684 |
| Шығару | млн т-км | 87 898 | 90 029 | 95 277 |
| Транзит | млн т-км | 24 170 | 25 441 | 27 216 |
| Жүк тасымалданды | мың тонна | 267 735 | 279 595 | 294 716 |
| Оның ішінде хабарландыру түрі бойынша | | | | |
| Республика ішілік | мың тонна | 140 876 | 148 678 | 158 751 |
| Шығару | мың тонна | 96 026 | 97 903 | 100 927 |
| Әкелу | мың тонна | 16 866 | 17 928 | 18 777 |
| Транзит | мың тонна | 13 967 | 15 086 | 16 261 |
| 1 тонна жүкті тасымалдаудың орташа қашықтығы | км | 796 | 800 | 800 |
| (Жекеменшіктерсіз «Жолаушы тасымалы» АҚ) жолаушылар айналымы | млн п-км | 13 991 | 14 649 | 16 708 |
| (Жекеменшіктерсіз «Жолаушы тасымалы» АҚ) жолаушылар жөнелтілді | мың жолаушы | 15 016 | 16 556 | 19 498 |
| (Жекеменшіктерсіз «Жолаушы тасымалы» АҚ) орташа тығыздығы | жолаушы/ваг. | 33 | 32 | 33 |
| Негізгі қызметтер табыс | мың теңге | 582 380 808 | 702 740 094 | 795 788 793 |

| Атауы | Өлшем бірлігі | 2010 | 2011 | 2012 |
|---|---|---|---|---|
| Өндірілген өнімнің өзіндік құны | мың теңге | 397 418 883 | 470 280 262 | 547 142 199 |
| Талпы табыс | мың теңге | 184 961 925 | 232 459 832 | 248 646 594 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | мың теңге | 69 164 226 | 62 107 961 | 78 800 676 |
| Өнім мен қызмет көрсетуді жүзеге асыру шығысы | мың теңге | 121 788 | 159 971 | 193 391 |
| Басқа да табыстар | мың теңге | 1 991 464 | 4 293 372 | 5 605 289 |
| Қаржыландыру табыстары | мың теңге | 3 289 691 | 4 637 732 | 3 991 446 |
| Қаржылық шығындар | мың теңге | 12 998 931 | 19 022 743 | 29 188 901 |
| Басқа да шығыстар | мың теңге | 118 652 | 2 44 594 | 4 155 305 |
| Қауымдастырылған және бірлесіп бақыланатын мекемелердегі табыс/(шығын) үлесі | мың теңге | 242 810 | 69 331 | -72 209 |
| Салық салу бойынша табыс | мың теңге | 108 082 293 | 157 724 998 | 145 832 847 |
| Ұжымдық табыс салығы бойынша шығыстар | мың теңге | 41 545 541 | 32 554 051 | 30 304 707 |
| Азшылық үлесін есептеу бойынша жылдық табыс | мың теңге | 66 536 752 | 123 228 819 | 114 418 689 |
| Аяқталатын әрекеттен жылдық таза шығын | мың теңге | | -1 942 128 | -1 109 451 |
| Азшылық үлесі | мың теңге | 619 112 | 341 919 | 1 090 617 |
| Акционерлік материалдық компанияға жататын жылдық табыс | мың теңге | 65 917 640 | 122 886 900 | 113 328 072 |

## 1 ТОҚСАН

16 қаңтарда – «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Денсаулық сақтау министрлігі мен ҚР ТЖМ ұйымдастыруымен, елдің солтүстік облыстары бойынша жолға «Саламатты Қазақстан» Медициналық поезы жөнелтілді.
23 қаңтарда – «Көлік логистикасының даму орталығы» АҚ және «Apply Logistic Consulting» компанияларымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.
24 қаңтарда – «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар Кеңесі төрағасымен «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Н. Байдаулетов таңдалды.
26 қаңтарда – «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Қазтеңтрансфлот» Ұлттық теңіз кеме жүзетін компания» АҚ «Теңіз – Құрлық» ықпалды көліктік – логистикалық өнім жасау бойынша ынтымақтастық туралы келісім жасады.
9 ақпанда – Германия Республикасы Федерациясына Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сапары, «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Temir Zhol Electrification» ЖШС және «Siemens AG» концерні арасында ҚР темір жолдарын электрлендіру саласында негіздемелік сатып алу Келісімшартына қол қою.
«ҚТЖ» ҰК» АҚ компания президенті А. Маминнің және «Deutsche Bahn» компаниясының логистика бойынша басқару мүшесі Карл-Фридрих Раුштың жұмыс сапары, көлік логистикасы саласындағы ынтымақтастық сұрақтарын талдау.
10 ақпанда – Астана қ. «Трансконтейнер» ААҚ бірінші холдингішілік жүйелік отырысы. «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Кедентранссервис» АҚ және ресейлік жетекші контейнерлік компаниялар төрағалары Еуропа – Азия қатынасындағы транзитті тасымалдау тиімділігін жоғарлату сұрақтарын талдады.
20 ақпанда – Тәжікстан темір жолдары үшін ТЭ33А сериялы екі «Evolution» локомотиві экспортқа жөнелтілді.
1 наурызда – «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Сенім 2011» Республикалық байқауында Қазақстандағы үздік жұмыс беруші – ұлттық компания ретінде жеңіске жетеді.
2 наурызда – жолаушылар үшін жаңа қызмет – қолда бар ақшамен төлем терминалдары арқылы т/ж билеттерін сату енгізілді.
19 наурызда – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқару Төрағасы Ө. Шүкеев Астана қ. «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ тепловоз шығару зауытында және «Тұлпар-Тальго» жолаушылар вагондарында болды.

## 2 ТОҚСАН

24 сәуірде – «ҚТЖ ҰК» АҚ Мәскеу қ. «ТрансРесей» көрмесіне жүк тасымалдау және контейнерлік бизнес саласында өздерінің транзиттік, көліктік – логистикалық мүмкіндіктерін және жобаларын ұсынды.
25 сәуірде – «Жолаушылар тасымалдау» АҚ поезд құрылымына 14 жаңа плацкартты вагондар енгізді.
23 мамырда – «ҚТЖ» ҰК» АҚ, General Electric және Трасмашдизель Қазақстанда дизельдік қозғалтқыштар мен қосалқы бөлшектер өндіру бойынша компания құру ниеті туралы меморандумға қол қойды.
25 мамырда – «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Қытай оңтүстік өндірістік вагондар мен локомотивтер корпорациясы» (CSR) маневр тепловоздарын өндіру саласында стратегиялық қызметтестік пен ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойды.
26 мамырда – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жаңа Жібек Жолы» ғаламдық көліктік жобаның негізгі инфрақұрылымдық объектісі ретінде Алтынкөл станциясы мен «Қорғас» Халықаралақ орталығында болды.
31 мамырда – «Астана – Алматы» қатынасындағы № 9/10 жедел поез құрамына Украинада өндірілген жоғары қолайлы жаңа вагондар қосылды.
1 маусымда – «Локомотив» АҚ «Альстом» компаниясының технологиясы мен жабдықтарын қолданып, Қазақстанда өндірілген электровоздарды сатып алу үшін «COFACE» Француз Сараптамалық Кредиттік Агентігінен кепілдікке несиелік қаражат қарастырды.
4 маусымда – Қазақстанға «Ресей темір жолы» ААҚ президенті В. Якуниннің келуі, Бірыңғай экономикалық кеңістік және Кеден Кеңесі жағдайында темір жол көлігінің қызметі сұрақтарын шешу, темір жол ықпалы салаларын кеңейту, тарифтерді қалыптандыру.
20 маусымда – Санкт-Петербургте «ҚТЖ» ҰК» АҚ президенті А. Мамин мен «Трансмашхолдинг» ЖАҚ директорлар Кеңесінің төрағасы А. Бокарев Ресей Федерациясы нарығында қазақстандық көліктік машина жасау өнімдерін экспорттау мүмкіндігі туралы келісімшартқа қол қойды.

## 3 ТОҚСАН

1 шілдеде – Алматы-2 бекетінен Петропавлға «Жетісу» № 151/152 жаңа жедел поезы жөнелтілді.
2 шілдеде – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Лондондық және Қазақстандық қор биржасына 30 жыл өтеу мерзімімен 800 млн доллар сомасында еурооблигацияларды сәтті орналастырды.
2 шілдеде – «ҚТЖ» ҰК» АҚ президенті А. Маминмен «Қырғыз темір жолының» бас директоры А. Малабаев Қызғызстанға Астанада өндірілетін ТЭ33А сериялы «Evolution» тепловоздарды жеткізу туралы Келісімшартқа қол қойды.
4 шілдеде – Индустриалдандыру Картасы жобалары презентациясы бойынша жалпыұлттық Телекөпірде мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ жаңа стратегиялық жобалары ұсынылды: Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл темір жол учаскелерін және вагондарды отандық құрастырмадан «Жетісу» жолаушылар поезының жаңа жылдамдық маршрутын құру.
5 шілдеде – Шымкент пен Түркістан арасында жаңа қала айналасындағы дизель-рельстік «Түркістан» құрамы жөнелтілді.
30 шілдеде – Жетіген – Қорғас темір жолында құрастырылған жаңа бекет қызметкерлері 565 тұрмысқа жайлы пәтер кілтін алды.
2 тамызда – Көлік қызметкерлерінің Күнін мерекелеуде «ҚТЖ» ҰК» АҚ 56 қызметкері «Құрметті теміржолшы» атағын иеленді.
31 тамызда – «Ғаламдық серіктес» жобасын жүзеге асыру аясында «SENKO Co., Ltd.» (Жапония) компаниясы мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.
1 қыркүйекте – Алтынкөл және Алматы облысының Тасқарасу бекеттеріндегі жаңа мектептердің 280 оқушыларына оқу керек – жарақтарының жиынтығы табыс етілді. Жетіген – Қорғас жаңа темір жол торабы төңірегінде әлеуметтік инфрақұрылым құру аясында 600 орындық және 250 орындық мектептер пайдалануға берілген.
1 қыркүйекте – Жетіген – Қорғас жаңа темір жолы бойынша Алматы – Алтынкөл қатынасында № 393/394 жаңа жолаушылар поезы жүре бастады.
4 қыркүйекте – «Саламатты Қазақстан» медициналық поезы Павлодар облысына жөнелтілді.

## 4 ТОҚСАН

4 қазанда – Берлин қ. «Иннотранс 2012» халықаралық темір жол техникалары көрмесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен General Electric арасында ТЭП33А жолаушылар локомотивін өндіруге технологиялар беру туралы келісімге қол қойылды.
4 қазанда – «Саламатты Қазақстан» медициналық поезы Қарағанды бекетінен Республиканың солтүстік облыстарына жөнелтілді.
13 қазанда – ҚР Премьер-министрі С. Ахметов «Тұлпар-Тальго» ЖШС мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ технология мен көлік орталығында болды.
9 қарашада – «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Interrail Holding AG» компаниясы «Ухань» (ҚХР) – Пардубице (Чехия) маршруты бойынша бірлескен ұшқыш контейнерлік поезын іске қосты.
12 қарашада – Чунцин (ҚХР) – Дуйсбург (Германия) контейнерлік поезы арқылы «Acer» мен «Asus» әлемдік компанияларының өнімдері тасымалданды.
13 қарашада – Астана қ. «1520 Стратегиялық серіктестік: Орталық Азия» – «озық еуропалық саудада 1520» III Халықаралық темір жол бизнес форумы жұмысын бастады.
13 қарашада – «Өнертапқыш.KZ» байқау нәтижесі бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Кәсіпорындағы өнертапқыштықты қолдаудың үздік жүйесі» номинациясы бойынша 1 орын жеңіп алды.
14 қарашада – «ҚТЖ» ҰК» АҚ, ҚР білім және ғылым Министрлігімен және 17 колледж арасында Технология және көлік орталығында дуальды оқыту саласында ынтымақтастық туралы үшжақты келісімге қол қойылды.
19 қарашада – «ҚТЖ» ҰК» АҚ ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарына сәйкес ықпалды менеджмент жүйесінің бірінші жылының инспекциялық аудитінен өтті.
29 қарашада – «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ «Evolution» сериялы 200 локомотив сатып алу үшін ҚҚШ ЭКСИМ – банкісінен 400 млн долл. сомасына ҚР бірінші тікелей несиеге қол қойылды.
4 желтоқсанда – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Астанада электровоз шығару бойынша «Электровоз құрастыру зауыты» зауытын ашты.
4 желтоқсанда – «ҚТЖ» ҰК» АҚ, General Electric және Трансмашдизель арасында «GEVO» локомотивті дизель қозғалтқыштарын өндіру бойынша Астанада Бірлескен кәсіпорын құру бойынша Келісімшартқа қол қойылды.
14 желтоқсанда – Ақтөбе мен Астана аралығында Қазақстанда жасалған жолаушылар вагондарынан жаңа «Ақтөбе» жедел поезды жүре бастады.

22 желтоқсанда – Алтынкөл – Қорғас ҚР мен ҚХР арасында екінші теміржолдық өту бойынша жүк поездары қозғалысы бастады.
25 желтоқсанда – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің «2012 жылғы индустриалдандыру көшбасшысы» номинациясында «Алтын сапа» әлеуметтік сыйақысы берілді.
26 желтоқсанда – Шу бекеніндегі локомотив жөндеу зауыты кешенінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Оңтүстік Қытай өндірістік Корпорациясымен» (CSR) бірлескен жобасы аясында бірінші маневр тепловозы құрастырылды.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ


Жүк тасымалдау

Жолаушылар тасымалы

Теміржол инфрақұрылымы

Поезд қозғалысының қауіпсіздік жағдайы туралы ақпарат

Инвестициялық қызмет




## ЖҮК ТАСЫМАЛДАУ

Жүк айналымының көлемі бойынша темір жол көлігі Республикада 1 орынды ұстап тұр. Компанияның негізгі жүк айналым көлемі Республиканың халықтық шаруашылық өндіру салаларының өнімдеріне келеді.

2012 жылға жүк тасымалдау 257 846 мың тоннаны құрайды, бұл 2011 жыл фактісінен 3,6% жоғары, бидай, түсті металл, мұнай өнімдерін, темір кенін тасымалдаудың артуымен байланысты.

Қазақстанда және көрші елдерде экономикалық жағдайдың жақсаруына, сонымен қатар Кеден Кеңесі аясында мемлекетаралық келісім күшіне енуіне байланысты тасымалдауға сұраныс айтарлықтай өсті. 2012 жылы 294 716 мың тонна жүк тасымалданды, бұл 2011 жыл фактісінен 5,4% жоғары.

Теміржол тасымалы бұрынғыдай көмір, кен және металлдарды тасымалдайтын жалғыз тәжірибелік түрі болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ республикаішілік жүк тасымалдаудың 46% тас көмірге, 8,1% және 8,7% темір және түсті металға, сәйкесінше 7% мұнай мен мұнай өнімдеріне тиесілі. Экспорттық қатынаста үлкен көлем көмірге сақталады – 36,1%, темір мен түсті металдарға 17,8% және 1,9%, мұнай мен мұнай өнімдеріне – 19%, астық тасымалына – 8%.

## ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

Теміржол көлігі республиканың жолаушы айналымының жартысынан көбін қамтамасыз етеді.

2012 жылға «Жолаушылар тасымалы» АҚ нығайтуға кіретін тасымалдау бойынша **жолаушылар айналымы** 16 708 млн пасс-км құрайды, «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызмет көрсететін маршруттардың артуы есебінен 2011 жыл фактісінен 14,1% жоғары.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ нығаутуға кіретін тасымалдау бойынша 2012 жылы 19 498 мың **жолаушы жөнелтілді**, бұл 2011 жыл фактісінен 17,8% жоғары.

Тұрақтылық негізінде келу және жөнелтілу уақытын жақсарту, жолда жүру уақытын қысқарту, сонымен қатар жылжымалы құрамның жаңартылуымен жолаушылар поезының маршруттық жылдамдығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

## ТЕМІРЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Жоспарланған жұмыс көлемін жүзеге асыру бойынша сұрақтарды уақытылы және жедел шешу былтырғы жылға қатысты пайдалану көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді. Осылайша былтырғы жыл деңгейіне жол жағдайының орташа балдық бағасы жақсарды, ол 69 балмен салыстырғанда 66 балды құрады.

Күрделі жөндеу жұмысының негізгі үлесін жолды жетілдіру мен ағымдық ұстау құрайды. 2012 жылы поезд қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қозғалыс жылдамдығын арттыру мақсатында кешендерді механикаландыру жұмысы есебінен 2616,1 км (131%) жолды түзету, 5364 км (134%) рельсті өңдеу, 491 км (100%) ұсақ тасты тазарту жүргізілді.

Былтырғы жылдың балама кезеңіне қатысты жоспарлы – ескерту жұмыстарының көлемі 10% артты.

Жолдарға күрделі жөндеу жүргізу, кешендерді механикаландыру жұмысы есебінен поездардың қозғалыс жылдамдығы артты: жолаушылар қозғалысы үшін 1448,6 км, жүк қозғалысы үшін 882,2 км.

Астана – Ақтөбе учаскесіндегі «Тальго» жолаушылар поезы үшін қосымша 2012–2013 жж. кестесінде жылдамдық 1678 км артты.

Орташа өлшенген жылдамдық жолаушылар қозғалысы үшін 88,1 км/сағ, жүк қозғалысы үшін 69,5 км/сағ артты.

«Тальго» вагондарынан құрастырылған, 140 км/сағ жылдамдығымен қозғалатын поездар жүру үшін Алматы – Петропавл және Астана – Ақтөбе маршруттары бойынша инфрақұрылымды күрделі жөндеу мен жетілдіру бойынша іс – шаралар өткізілген. Байланыс желісі арттыру мен белгіленген жылдамдықтағы поездарды жіберуге байланыс пен дабыл қондырғыларын дайындау бойынша жұмыстар толық орындалды.

## ПОЕЗД ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2012 жылы жасалғн іс-шаралар қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың жалпы санын азайтуға мүмкіндік берді. 2012 жылдың 12 айына «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша жұмыстағы ақаулар санын 36 жағдайға 108 ден 72 дейін немесе 33% төмендеді. Аварилар мен пойыздар апатының болмауы айтылды.

| Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2011ж. 12 айы | 2012 ж. 12 айы |
|---|---|---|---|
| Поез қозғалысының қауіпсіздігі: | | | |
| Поездардың күреу саны | Жағдайлар | 1 | Жоқ |
| Поез апаттарының саны | Жағдайлар | Жоқ | Жоқ |
| Жұмыстардағы ақау жағдайларының саны | Жағдайлар | 108 | 72 |

Ескерту: Өндірісті тоқтату немесе экологиялық зардап келтіруге алып келетін апаттар мен апатты жағдайлар болған емес.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«ҚТЖ» ҰК» инвестициялық қызметі теміржол көлігінің тұрақты қызметін қамтамасыз ету, тамсымалдау қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін жоғарлату бойынша іс – шаралар кешенін жүзеге асыруға бағытталған.

Жылға «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниясы тобының капиталдық салым жоспары директорлар Кеңесінің шешімімен (2012 жылғы 12 қазандағы № 7 хаттама) 498 849 млн. теңге көлемінде бекітілген, орындау 501 259 млн. теңге немесе 100% құрады, бұл 2011 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда 1,3 есе артық.

Есептік кезеңде келесі ірі жобалар жүзеге асырылды:

**1.** Қайта салынған Қорғас – Жетіген және Өзен – Түркіменстанмен мемлекеттік шекара темір жолдарына жұмыстар аяқталып, қозғалыс ашылды, инвестицияның жалпы көлемі (кедендік және шекаралық инфрақұрылым объектілерінің, Жетіген – Қорғас әлеуметтік мағыздағы теміржол объектілерінің құрылысын қоса) 2012 жылы 38 970 млн теңгені құрады.

**2.** Отандық көліктік машина жасау объектілерін құру аясында «Тальго» жолаушылар вагонын шығаратын зауытын және «Alstom» компаниясының технологиясы бойынша қазіргі заманғы электровоздар шығару бойынша зауытын құрастыру жұмыстары аяқталды. «Востокмашзавод» АҚ кешенінде ірі вагондар цехын жетілдіру бойынша жоба жүзеге асрылды, «Evolution» локомотивтерін шығару бойынша зауыт үшін қосымша техникалық құрал – жабдықтар сатып алынды. 2012 жылға осы жобалар бойынша жалпы игерілген инвестиция көлемі 14 030 млн теңгені құрады. Сонымен қатар 2012 жылдың желтоқсанында Шу локомотивтік зауыт кешенінде CSR (ҚХР) компаниясының технологиясы бойынша маневр тепловоздарын жинау бойынша цех ашылды.

**3.** Айтарлықтай қаражат жылжымалы құрамды жаңарту үшін жұмсалды, оның ішінде:
- жалпы сомасы 61 259 млн теңге сомасына локомотивтің 152 бірл. сатып алынды және 47 бірл. күрделі жөндеу жүргізілді;
- жалпы сомасы 192 975 млн теңге сомасына жүк вагондарының 14 217 бірл. сатып алынды және 1 312 бірл. күрделі жөндеу жүргізілді;
- жалпы сомасы 17 493 млн.теңге сомасына жолаушылар вагондарының 102 бірл. сатып алынды және 66 бірл. күрделі жөндеу жүргізілді;
- 59 млн теңге сомаға контейнерлердің 103 данасы сатып алынды

**4.** 43 228 млн теңге сомасына 692 км көлемде жолдың жоғарғы құрылымына күрделі жөндеу жүргізілді.

**5.** Сонымен қатар 2012 жылы келесі ірі жобалардың жүзеге асырылуына бастау салынған:
- маусымда жалпы ұзақтығы 1 202 км болатын, Арқалық – Шұбаркөл және Жезқазған – Бейнеу жаңа теміржолының құрылысы басталды, 2012 жылы игерілген инвестиция көлемі 18 959 млн теңгені құрады;
- желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ, General Electric және Трансмашдизель арасында «GEVO» локомотивті дизель қозғалтқыштарын өндіру бойынша Астанада Бірлескен кәсіпорын құру бойынша Келісімшартқа қол қойылды;
- желтоқсанда Ақтөбе қ. рельсті балдық өндіріс құру бойынша «Көліктік технологиялар» ЖШС «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды (2012 жылдың желтоқсанында ).

Жеке тиімділікті жоғарлату бойынша өткізілетін шаралар тиімділігінің расталумен Компания қызметінің тиімділігінің жоғарлауына ықпал ететін ішкі оңтайландыру шаралары есебінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ өнімділік активтерінің тұрақты төмендеу беталысы байқалады.

Жеке зауыттардың өнімінің негізгі қаражаттарын жаңартудың ауқымды бағдарламасы соңғы жылдары негізгі өнімдік активтердің тозуын 20% төмендетуге мүмкіндік берді.

# КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫ

Жаңартпашыл қызмет

Халықаралық серіктесік



# ЖАҢАРТПАШЫЛ ҚЫЗМЕТ

Инновациялық жобалар портфелі тасымалдау процесін ұйымдастыруды, тұтынушыларға қызмет көрсету процестері, инфрақұрылым мен жылжымалы құрам объектілерін ұстау және қызмет көрсетуден тұрады. General Electric, Alstom, Talgo, Siemens сияқты теміржол машина жасау саласындағы әлем көшбасшыларымен ҚР жеделдетілген индустриалды-жаңартпашыл даму бойынша Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында жоғары экспорттық потенциалмен жоғары технологиялық өнімдерді шығару бойынша 9 ірі зауыт салынды.

Оның ішінде, «Востокмашзавод» жылына 4 мың вагон кешенін өндіре алады. Пархоменко атындағы машина жасау зауыты өндірісінде ірі вагондардың сынамалық үлгісі бойынша жұмыстар аяқталды. Format Mach Company жылына 3 мың вагон жиынтық қуаты бар ірі және орташа вагондық құйма өндірісін меңгерді.

Екібастұзда «Проммашкомплект» жол бұрушы өнім мен тұтас сырғанаушы дөңгелек өндірісі бірінші кезекте енгізілген. 2012 жылы жылына 430 мың тонна айналым қуатымен Сименс Фест Альпин технология бойынша рельсті балдық өндіріс жобасын жүзеге асыру басталды, оның ішінде 120 метр ұзындықтағы 200 мың тонна рельс. Зауытты пайдалану 2012 жылдың желтоқсанына жоспарланған.

Желтоқсанда жылына жалпы жылдамдығы 300 бірл. General Electric, «Трансмашдизель» және «Ремлокомотив» арасында «GEVO» бірлескен дизель қозғалтқыштарын өндіру туралы келісімге қол қойылды. Жобаны жүзеге асыру бастамасы 2013 жылдың бірінші жарты жылдығына жоспарланған, бірінші дизель қозғалтқыштарын шығару 2014 жылдың желтоқсанына жоспарланған.

Сонымен қатар, жолдарды шаруашылықта басқарудың жаңа әдістерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде, Шығанақ – Сары-Шаған екі жол аралығын біріктіретін – ұшқыш жобасы жасалған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Іріленген Сары-Шаған» бөлімшесінде басқарудың жаңа моделінде еңбекті ұйымдастыру бойынша Уақытша нұсқаулық жасалған, онда лауазымдық қызметтер, жол арақашықтығы басшылары арасында міндеттерді бөлу, жол бұрушылар мен жол қателерінің нормативтері, жол бұрушылар мен жолды бақылау және т.б. жазылған.

2012 жылы «Іріленген Сары-Шаған» бөлімшесі бойынша жолдарды шаруашылық басқарудың тік-ықпалды матрицалық жүйенің ұшқыш жобасын енгізу нәтижесінде өнімділік көрсеткіштері жақсарды. Осылайша, 2012 жылы 2011 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда санының 12,8% азаюы кезінде жолдың орташа балдық бағасы 33%, шегіну саны 65% азайды, жолдың жапсарласпаған рельстік жолының орташа ұзындығы 32% артты және 1279 км құрады, жолдарды жоспарлы-ескертулік түзету бойынша жасалған жұмыстар (225%) және шпалдарды ауыстыру (165%) көлемі артты. Басқа да нәтижелерге қол жетті – еңбек өнімділігі 11,6 артты, қол жұмысы 21 қысқарды, негізгі мамандықтардың жол арақашықтығы бойынша орташа еңбекақысы 13 артты (жол монтері, жол шебері, дефектоскопист).

Жол шаруашылық басқарудың тік – ықпалды матрицалық жүйесінің ұшқыш жобасын енгізу нәтижесі бойынша 2012 жылғы 25 қазандағы № 986-И «Іс-шаралар жоспарын бекіту жөнінде» бұйрық бастамашылық етті. Жоспармен «Oliver Wyman» компаниясын одан әрі жүзеге асыру және 2013–2015 жылдарға жол шаруашылығындағы басқару құрылымындағы өзгерістер қарастырылады. 2012 жылғы бұйрық негізінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ келесі бөлімшелерін біріктіру бойынша жұмыстар басталды: «Нұрын жол арақашықтығы», «Қарағанды жол арақашықтығы», «Сарыарқа жол арақашықтығы», «Ақадыр жол арақашықтығы», «Атырау жол арақашықтығы», «Ганюшкин жол арақашықтығы», «Шу жол арақашықтығы», «Шоқпар жол арақашықтығы», және олардың кешендерінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ бөлімшелері құрылды: «Іріленген Қарағанды жол арақашықтығы», «Іріленген Ақадыр жол арақашықтығы», «Іріленген Атырау жол арақашықтығы», «Іріленген Шу жол арақашықтығы». Іріленген жол арақашықтықтарында еңбекті ұйымдастыру жөнінде Уақытша нұсқаулық жасалды. Штаттық кесте мен осы жол арақашықтықтарының ережелері бекітілді.

Жоспарға сәйкес 2015 жылға дейін жол арақашықтығы бөлімшелерінің санын 54 бірліктен 35 бірлікке азайту, санын 1809 бірлікке ықпалдандыру жоспарлануда, нәтижесінде еңбек өнімділігін 9% өсіру және 1 км келтірілген ұзындыққа қызметкерлер санын 10% қысқарту жоспарлануда.

Атырау жол арақашықтығы бойынша рельс өнемдеу технологияларын енгізу аясында ағаш негіздегі жапсарласпаған рельстік жолда жатқан рельстерді балқытып пісіру бойынша жұмыстар жүргізілген. Нәтижесінде жолдың сыртқы құрылымы материалдарына пайдалану шығыстары қысқартылған (қапсырмалар, болттар, рельстік біріктіргіштер), нүктелердің жану жағдайларының саны айтарлықтай қысқарды, рельстік тізбектер тоқтаусыз жұмыс істеуде, көрсетілген бекеттерде бекет жолдарының айналмалығы мен қате саны қысқартылды. Бекет басшылары мен дабыл мен байланыс арақашықтығы қызметкерлерінің оң пікірлері бар.

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСІК

Компанияның халықаралық қызметінің мақсаты халықаралық көлік жүйесінде ҚР теміржол көліктерінің терең интеграциясы мен оның әлемдік нарықта бәсеге қабілеттілігінің артуы болып табылады.

Бұл ретте Мемлекет Басшысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ екі стратегиялық тапсырма жүктеп отыр: Қазақстан Республикасының көліктік – логистикалық хаб ретінде қалыптасуы бойынша және «ҚТЖ» ҰК» АҚ кешенінде транзиттік потенциалды мен сыртқы нарықта отандық өнімнің жылдуын дамытуда мультимодальды тасымадау қызметтерін көрсетудің бірыңғай (кешенді) орталығын құру бойынша ұсыныстар енгізумен халықаралық деңгейдегі мультимодальды көліктік – логистикалық компанияның қалыптасуы бойынша.

**Қазақстан территориясы арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздерін дамыту**

Қазақстан территориясы бойынша ОСЖД халықаралық көлік дәліздерін пайдаланатын ықпалды маршруттар өтеді. ҚР ККМ инфрақұрылымды дамыту бойынша шекаралық теміржолдық өту мен бекеттерде өткізілетін іс-шаралар 2006 жылдан 2012 жылға дейін ОСЖД дәлізінің қазақстандық учаскелері бойынша жүктерді транзиттік тасымалдау көлемін 4,3 млн теңгеден 7,4 млн теңгеге – 73% арттыруға мүмкіндік берді.

Солтүстік – оңтүстік халықаралық көлік дәліздері бойынша транзиттік жүк көлемін арттыру мақсатында Парсы шығанағының елдеріне бағытталған ең ықпалды көлік маршруты болып саналатын Өзен – Гызылгая – Берекет – Этрек – Горган теміржол жобасын жүзеге асыту басталды.

2011 жылдың желтоқсанында 146 км ұзақтығымен Өзен – Гызылгая – Берекет – Этрек – Горган теміржолдарының қазақстандық учаскесінің бірінші бастау кешені объектісін құрастыру аяқталды.

Болашақ шекаралық бекетінде кеден мен шекара инфрақұрылым объектілері, тұрғынүй және әлеуметтік сала объектілері салынды.

2012 жылы Болашақ-Серхетяк өткізу пунктінің жаңа халықаралық т/ж ашу жөнінде Түркіменстанмен үкіметаралық келісімге, сонымен қатар жаңа жол бойынша тасымалдау қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мекемеаралық құжаттарға қол қойылды.

Пайдаланудың бірінші жылында тасымалдау көлемі 6 млн тонна деңгейінде жоспарлануда.

2012 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы екінші теміржолдық өту «Алтынкөл – Қорғас» ашылды, оның қазақстандық территориядағы жалғастырушысы Жетіген – Алтынкөл теміржолы болып табылады, құрылысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен аяқталған. Осылайша, осы сұранысқа ие құрлықтық жүктасымалы бағытындағы көлік пен логистика мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтетін, Қазақстан арқылы Қытайдан Европаға өтетін қосымша транзиттік маршрут пайда болды. Рекордтық мерзімдерде салынған жаңа трансшекаралық магистраль потенциалы үлкен және көрші мемлекеттердің экономикалық дамуының динамикалық қарқынымен жүргізіледі. 2015 жылы учаскенің жүк айналымы 10 млн тоннаны, ал 2020 жылы – 15 млн тоннаны құрайды деп күтілуде.

**Ірі халықаралық көлік компанияларымен терең ынтымақтастық**

Контейнерлік, оның ішінде маршрутты контейнерлік поездармен тасымалдауларды ұйымдастыруға үлкен көңіл бөлінеді. Бұл саладағы халықаралық мағыздағы жобалардың бірі Чунцин – Дуйсбург маршруты бойынша «Жаңа Жібек Жолы» үнемі контейнерлік поезын ұйымдастыру болып табылады.

Қытай, Қазақстан, Ресей, Беларусь, Польша және Германия темір жолдарының үйлестірілген жұмысының арқасында 2011 жылдың наурыз – қазан айлары аралығында Чунцин (Қытай, Сычуань провинциясы) – Дуйсбург (Германия) маршруты бойынша бірінші контейнерлік поездарын өткізу Азия – Европа қатынасында теміржол көлігімен жүк тасымалдауды ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін ашты.

**«DP World» (БАӘ) компаниясымен ынтымақтастық.**

2012 жылдың сәуір айынан бастап «DP World» компаниясымен «СЭЗ «Қорғас – Шығыс қақпасы» және «Ақтау Теңіз порты» жобаларын тиімді басқаруды арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«DP World» компаниясының негізге алатын жұмыс қағидаттарын қолдана отырып, СЭЗ аясында теңіз және құрлық терминалдарын кеңейтуде, сонымен қатар Қазақстанда мультимодальды жүйелерді дамыту, сол арқылы Қазақстанның көліктік – логистикалық жүйесінің дамуы мен транзиттік потенциалын кеңейтуде шетелдік инвестиция мүмкіндіктерін меңгеру процесіне бастау салу.

**Халықаралық теміржол мекемелеріне қатысу**

Әлемдік көлік жүйесіне «ҚТЖ» ҰК» АҚ терең интеграция бойына тапсырмаларды Компания халықаралық мекемелер аясында ынтымақтастықты кеңейту жолымен шешеді. Ынтымақтастық мемлекет – қатысушыларының теміржол көлігі бойынша Кеңесі аясында өзара байланыстың дамуы артықшылық болып табылады, бұл 1520 мм бірыңғай теміржол соқпағымен байланыстырылған. Бұл ретте темір жолдың технологиялық тұтастығын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді, ол үшін жыл сайын жаңа нормативтік құжаттар қабылданады және барлары өзектіленеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ОСЖД аясындағы қызметі басты бағыттардың бірі болып табылады. Көптеген тақырыптар бойынша (тасымалдауларды жетілдіру, ОСЖД теміржолдық көліктік дәліздерін дамыту, теміржол көлігін қайта құрастыру, темір жол және жасанды құрылыс, электр өнемдеу құрылғылары және электр күші, темір жолдар үшін жылжымалы құрам, қаржы және есептесу сұрақтары бойынша, кодтау мен информатика бойынша, ОСЖД негізге алатын құжаттарды жетілдіру бойынша) «ҚТЖ» ҰК» АҚ жетекші орындаушы болып табылады, бұл ОСЖД аясында қабылданатын құжаттар мен шешімдерде Компания мүддесін ескеруге мүмкіндік береді.

Соңғы онжылдық жобаларының інішде ең тиімдісі «ЦИМ/СМГС көліктік – құқықтық үйлестіру» жобасы болып табылады, себебі Еуроазиялық құрлықтың айтарлықтай территориясына жайылды және тасымалдаудың үлкен көлемін қамтыды.

ЦИМ/СМГС жүкқұжатын қолдану тұтынушыға жүкті жеткізу мерзімін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.

2012 жылдың 31 қазаны мен 2 қарашасы аралығында Чунцин қ. (ҚХР) ЦИМ/СМГС бірыңғай жүкқұжатын қолданумен Дуйсбургке контейнерлік поез жөнелту жүзеге асырылды.

2003 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ **МСЖД** кіру уақытынан Компания осы Мекемеде өз позициясын бекіту бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Бүгінгі таңда компания МСЖД, сонымен қатар Азиялық аймақтық ассамблеясының Атқарушы кеңесінің мүшесі болып табылады, соңғы отырыста «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А. Маминнің Азиялық – тынықмұхиттық аймақ елдері бойынша Төраға Орынбасары ретінде мандатының ұзартылуы өтті.

МСЖД Азия отырысы барысында Қытай мен Оутүстік – Шығыс Азия елдерінің үдемелі жүкқұрастыру потенциалын, Азия – Еуропа қатысантарында жүк тасымалын ұйымдастыру және осы бағыттағы үдемелі тиімді және қауіпсіз теміржол жүк тасымалдарын талқылауға баса назар аударылады.

**Инновациялық технологияларды енгізу бойынша халықаралық компаниялармен ынтымақтастық**

*«General Electric» (АҚШ) компаниясымен ынтымақтастық*

«General Electric» технологиясы бойынша локомотивтерді құрумен локомотив құру зауытын құрастыру «GE Transportation» пен «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасындағы екіжақты өзара байланыс нәтижесі болып табылады.

«General Electric» компаниясы жобасын жүзеге асыру аясында технологияларды беру және қазақстандық персоналды оқыту жүзеге асырылады. «General Electric» компаниясының техникалық және институттандыру сарапшыларымен өнімді техникалық бақылау жүргізіледі, техникалық және ұйымдастырушылық көмек көрсетіледі.

Қазіргі таңда «General Electric» компаниясының мамандарымен бірлесіп жаңа буын жолаушылар тепловозына техникалық тапсырмалар жүзеге асырылуда. Тепловоздардың сараптамалық партияларын өндіру және шығару 2014 жылға жоспарлануда.

*«Patentes Talgo SL» (Испания) компаниясымен ынтымақтастық*

Қазақстан республикасында жолаушылар вагондарын өндіруді ұйымдастыру мақсатында «Patentes Talgo S.L» компаниясымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ қатысуымен «Тұлпар-Тальго» ЖШС бірлескен кәсіпорыны құрылды.

2011 жылдың 9 желтоқсанында Астана қ. Еркін экономикалық аймақ территориясында «Patentes Talgo» компаниясының технологиясы бойынша жолаушылар вагондары шығару бойынша зауыттың ашылуы болды. Зауыт жылына 150 вагон шығарады. Өндірістің оқшаулануы 56% құрайды.

Жолаушылар вагондарына сұранысты қамтамасыз ету мақсатында «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен «Тұлпар-Тальго» ЖШС арасында 2011-2014 жж кезеңінде 420 теміржол жолаушылар вагондарын жеткізуге келісім жасалды.

Қазақстан территориясы бойынша жоғарыда көрсетілген вагондардан құралған жолаушылар поездарының кезең – кезеңмен жіберілуі жоспарлануда.

*«Alstom Transport SA» компаниясымен ынтымақтастық*

2011 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес мекемесімен «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС және Alstom Holdings компаниясымен Қазақстан Республикасында жол бағыттаушы электр көтерме өндіру бойынша бірлескен кәсіпорын құру туралы Меморандумға қол қойылды. Қазіргі таңда Алматы қ. орнатылатын бірлескен кәсіпорын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жыл сайын 1 000 дана жол бағыттаушы электр көтерме шығаруды жоспарлап отыр.

Сонымен қоса, 2010 жылдың 19 маусымында – Петербург халықаралық экономикалық форумы аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес мекемесімен «Трансмашхолдинг» ЖАҚ және «Alstom Transport» арасында Қазақстан Республикасында жүк және жолаушылар электровоздарын бірлесіп өндіруді құру бойынша келісімшартқа қол қойылды. 2012 жылдың желтоқсан айында электровоз құрастырушы зауыт пайдалануға берілген болатын. Зауыттың жобалық қуаты – жылына екі секциялық 50 электровоз.

*«Siemens» компаниясымен ынтымақтастық*

2012 жылдың 18 шілдесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Siemens AG концернімен жүзеге асыру мақсатында «Temir Zhol Electrification» ЖШС бірлескен кәсіпорны құрылған өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

«Temir Zhol Electrification» ЖШС бірлескен кәсіпорны Қазақстан Республикасы темір жолдары энергетикалық инфрақұрылымын жетілдіру саласында жобаларды жүзеге асырады. 2012 жылы озық инновациялық технологияларды қолдана отырып, Қазақстан темір жолдарының тарту бекетшелерін жетілдіру бойынша Бағдарламаны жүзеге асыру басталды. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылдың 8 ақпандағы ГФР сапары барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Temir Zhol Electrification» ЖШС және «Siemens AG» концерні арасында 2012–2020 жылдарға тарту бекетшелерін жетілдіру бойынша тауарлар, жұмыс пен қызметтерді сатып алу негіздемелік келісіміне қол қойылды. Келісімде 42 тарту бекетшелерін жетілдіру қарастырылған.

*Оңтүстік Қытай өндірістік Корпорациясымен ынтымақтастық (CSR)*

2012 жылдың мамырында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Қытай оңтүстік өндірістік вогондар мен локомотивтер корпорациясы» (CSR) стратегиялық қызметтестік пен ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойды. ТЭМ-KZ маневр тепловоздарын құрастыру бойынша жоба Шу локомотивтік зауыты кешенінде жүзеге асырылды.

Жоба қысқа мерзімде жүзеге асырылды, 2016 жылы оның қуаты жыл сайын 50 тепловозды құрайтын болады, бұл қазақстандық тұтынушылардың осындай өнімге сұранысын қанағаттандыратын болады.

Болашақта қазақстандық маңызының үлесі 51% құрайтын болады.

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ байланыс географиясын кеңейту**

Елдер арасында көлік байланысын нығайту және одан әрі дамыту мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ шетелде 7 өкілдік құрды, бұл теміржол әкімшіліктерімен және шетелдік аумақ компанияларымен жедел және белсенді байланыс үшін платформаның болуына мүмкіндік берді.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕМЕ

- Әлеуметтік саясат
- Кадрлық саясат
- Демеушілік және қайырымдылық көмек
- Еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау



# ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Адамдарға қамқорлық, олардың амандығы, әлеуметтік қолдау мәселелерін шешу және нәтижесіндегі, қызметкерлердің өмір сапасының жоғарлауы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Компания қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау өзіне өз еркімен қабылданған келесілер бойынша міндеттемелерді қамтиды:

- әлеуметтік-еңбектік саладағы нормаларды ұстану;
- Компаниядағы қызметкерлерге, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге, мүгедектерге, сондай-ақ Компаниядағы өндірістегі жазатайым оқиғалардан кәсіби аурулардан зардап шеккендерге материалды көмек пен әлеуметтік кепілдіктерді ұсыну;
- Компания жұмыскерлерінің балаларының денсаулығын жақсарту мен жазғы демалысты қоса алғанда, жастарға, қызметкерлер жанұяларына бірқатар әлеуметтік кепілдіктерді ұсыну;
- денсаулықты қорғау мәселелерін реттеу;
- қызметкерлер құрамының жан-жақты кәсіби дамуы мен оқытылуына жәрдемдесу;
- тұрғын үй және көптеген басқа мәселерді шешу, яғни заңнамамен есепке алынбаған, бірақ қызметкерлер үшін аса маңызды жағдайларды қамтиды.

Компания бірнеше әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда.

«Жоба-менеджмент» инновациялық идеяларды, жобаларды және кәсіби хабардарлықтың жоғары деңгейіне ие дарынды жас адамдарды іздеуге бағытталған.

«Жоба-менеджмент» жастарға жобаларды сауатты жоспарлауды, ынтагерлікпен өзгертуді, басқаруды және таныстыруды үйретеді, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ жастар форумдарын дайындау және өткізу барысында өзін көрсетуге мүмкіндік береді. 2012 жылдан «Жоба-менеджмент» бағдарламасы «4і жүйесі» (Инновациялық Идеялардың Ақпараттық Инкубаторы) – Интернеттегі бірегей ақпараттық платформасында өткізілуде. Бұрындары «қолмен» жасалғаны – байқауға өтінімдерді жинау, бағалауға жобаларды жинау және т.б., – қазіргі уақытта автоматтандырылған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстанда бірінші болып осы жүйені енгізді, қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» АҚ ұқсас ақпараттық алаң негізінде «Инновациялық Қазақстан» байқауын өткізуде.

Байқауға қатысатын барлық жобалар жүйенің интерактивті құралдары мен аспаптары көмегімен жасалады, және осында бастапқы бағалаудан өтеді. 2012 жылы бағалауға Орталық аппараттан 120-дан астам сарапшы жұмылдырылды.

«Болашақ басқарушылар» – жастар арасында қызметкерлердің сапалы жаңа типін: көшбасшыларды, ділі жаңа, прогрессивті ойлайтын, белсенді, дамуға және кәсіби мансапты құруға ұмтылған адамдарды қалыптастыру үшін қажетті жағдайларды жасауға бағытталған жоба.

Жергілікті және республикалық Жастар форумдарын өткізу, таныстыру және аумақтарда әрі қарай енгізу үшін үздік жобаларды анықтау аталған Бағдарламаларды жүзеге асыру механизмі болып табылады.

Белсенді қатысушылар және үздік жобаларды жасаушылар Астана қ. Республикалық Жастар Форумына қатысу үшін іріктеледі.

2011–2012 жж. қорытындысы бойынша көрсетілген бағдарламалар бойынша 2250 жуық Компанияның жас қызметкерлері тәжірибелі бапкерлерден оқудан өтті.

Компанияның Жастар саясаты шеңберінде 950 артық жас жұмыскерлер оқытылды. ІІІ Республикалық форумның үздік қатысушыларының ішінен 5 жоғары лауазымдарға көшірілді, 2 жоба Компанияға кірістірілуі үшін қолдауға ие болды, 17 жас жұмыскер ҚР және шетелге біліктілікті арттыру үшін бағытталады, 17 – кадрлар қорына есепке алынды.

Соған қоса, компания Денсаулықты сақтау министрлігі мен төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп, «Денсаулық», «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» мамандандандырылған медициналық поездар жобаларын жүзеге асыруды жалғастыруда. 2012 жылы медициналық поездермен 235 станцияның 60 000 астам тұрғынына медициналық көмек көрсетілді. Астана және Алматы қалаларының жетекші клиникаларының үздік мамандарының қатысуымен «Саламатты Қазақстан» поезынан 5 телеконференция өткізілді.

Сонымен қатар, Компания өз қызметкерлерінің әлеуметтік мәселелрін шешеуге зор назар аударады. Осылайша, 2011–2015 жылдарға Тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыру жалғастырылды, оның бюджеті 19 млрд теңге құрайды. Бағдарлама компания тобы бойынша 35% қажетсінетін қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның әрекет ету мерзімінде қарастырылған қаражатқа 180 жоспарланған пәтерлердің 172-і алынған (Ақмола, Павлодар, Қостанай, Жамбыл, Кызылорда, Семей, Ақтөбе өңірлері). Астана қ. 1029 пәтерлік тұрғын үй кешенінің құрылысы жүргізілуде. Бірінші кезектің тапсырылу мерзімі – 2013 жылдың 3 тоқсаны. Құрылысты аяқтау мерзімі – 2014 жыл. Жетіген-Қорғас және Өзен – Түркіменстанмен Мемлекеттік шекара темір жол желісін салу аясында 18 станцияда 812 пәтер пайдалануға берілді.

Достық және Мақат станцияларында компания тобының қызметкерлері үшін 389 пәтерге есептелінген 67 үй құрылысы аяқталуда.

Станцияларда 3,4,5 классты тұрғын үй құрылысының Бағдарламасы жүзеге асырылуда. Шығындардың жалпы сommасы 12 млрд теңгені құрайды. Құрылыстардың жалпы саны республиканың барлық аймақтарында 1 984 қызметтік тұрғын үй объектілері. Компанияның инвестициялық мүмкіндіктерін есепке алғанда үйлерді салу 2013 жылдан басталады.

Өңірлердегі қызметкерлерге тұрғын үй қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін екінші деңгейлі банктармен ипотекалық несиелеудің базалық мөлшерлемесін төмендету бойынша жұмыс жүргізілуде.

2500 артық пайдаланушылар тіркелген «Zhastemir.kz» жергілікті әлеуметтік желісі белсенді жұмысын жалғастыруда. Келешекте онда жаңа құралдар пайда болады: ортақ жобаларды жасау, жетекшілердің бейне-үндеуі, оқытатын бейне-тренингтер, тестілеу, сауалнама жүргізу және тағы басқасы. Компанияда өткізілетін барлық жастар байқаулары келер жылдан бастап автоматтандырылады және интернет желіде жүзеге асырылатын болады.

Өз қызметінің саласындағы үздік жас қызметкерлерді анықтау үшін, III Республикалық жастар форумының аясында «Жас кәсіби маман» жыл сайынғы жастар сыйлығын табыстау бойынша байқау өткізілді. 500 астам үміткерлер арасынан 23 номинация бойынша 68-і жеңімпаздар болып танылды.

Медициналық қызмет көрсету саласында сақтандыру бағдарламасы жақсартылды, лимитті қызметтер көлемі көбейтілді, медициналық пункттерді ашу, өндірісте дәрігер лауазымын енгізу, диспансерлік науқастардың есепке алынуы мен уақытылы денсаулық жақсартылуын жүргізу, инженерлік-дәрігерлік бригадаларының жұмысын ұйымдастыру шараларын қарастыратын 2020 жылға дейінгі Компания қызметкерлерінің денсаулығын сақтау бағдарламасы өңделді, бұл әрине жұмыскерлердің денсаулығының нығаюына және еңбектік ғұмырдың ұзақтығына септігін тигізеді.

Жыл сайын компания тобымен 10 мыңға жуық қызметкерлердің санаториялы-шипажайлық сауықтандырылуы өткізіледі.

Сондай-ақ Компаниямен жыл сайын қызметкерлер балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру өткізіледі – 2012 жылы 9 000 жуық бала қамтылды, соның ішінде Біріккен Араб Әмірлігінде 250 бала, Түркияда – 50 бала демалды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің 1500 астам балалары үшін жазғы демалыстар кезінде сауықтыру орталығының базасында темір жол саласы тақырыбындағы мамандандырылған тренингтер мен семинарларды ұйымдастыру қамтамасыз етілді.

## КАДРЛЫҚ САЯСАТ

Қызметкерлер құрамы – бұл «ҚТЖ» ҰК» АҚ маңызды активтерінің бірі. Кадрлық саясат стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін нарықтың өзгеруші талаптарына өз уақытында әрекет етуге қабілетті, жоғары нәтижелі және ұйымшыл ұжымды қалыптастыруға бағытталған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Кадрлық саясатының тиімділігі қызметкерлер құрамының қанағаттанушылығы деңгейінің жыл сайынғы өсімімен расталады, ол 2012 жылы 71% құрады.

2013 жылдың 1 қаңтарына «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметкерлер құрамының саны 160 576 адамды құрады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында жұмыс істейтін қызметкерлер құрамының 68% артығын жұмысшылар құрайды, 2012 жыл қызметкерлер құрамының тұрақтамауы 9,3% құрады.

Кадрлық есепті жүргізуде ғана емес, сонымен қатар қызметкерлер құрамын басқару бойынша қалған функцияларының шапшаңдығын қамтамасыз етіп, 2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-нда SAP шешімдер платформасында қызметкерлер құрамын басқару үрдістерін автоматтандыру бойынша жоба жүзеге асырылды. Жалдау, кадрлық есеп, оқыту, қызметкерлер құрамын бағалау, еңбекақыны есептеу үрдістері автоматтандырылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ алдында тұрған стратегиялық және операциондық мақсаттарына қол жеткізу мақсатында қызметкерлер құрамының сапасын жоғарлатуға зор назар аударылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін кадрларды даярлау жүйесі қызметкерлер құрамын жоғары және техникалық және кәсіби білім беру жүйесінен басталып, және Компанияның ішкі корпоративтік оқыту жүйесінде біліктілікті арттырумен аяқталатын үздіксіз үрдіспен келтірілген.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлер құрамының әр санаты үшін біліктілікті арттыру және оқыту бойынша түрлі механизмдерді қарастырады.

Жоғары білімі бар мамандар келесілерге қол жеткізуге мүмкіндігі бар:

- «Аспирантура», «Магистратура» және «Докторантура/PhD» бағдарламаларына сәйкес қосымша білім алу;
- біліктілікті арттыру, соған қоса шетелдік оқу орындарында қызметкерлерді оқыту Бағдарламасы бойынша;
- сертификаттау үшін мамандандырылған бағдарламалар бойынша білім алу.

Техникалық және кәсіби білімі бар мамандарға, сондай-ақ білімі жоқ жұмыскерлерге келесілерге қол жеткізуге мүмкіндігі бар:
- «Торап», «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің атаулы стипендиясы» бағдарламалары бойынша жоғары білімді алу;
- Компанияның оқу орталықтарында біліктілікті арттыру.

2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Астана қ. заманауи оқу орталығын – «Көліктегі технологиялар орталығын» ашып, корпоратив ішілік оқу орталықтарының желісін кеңейтті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық базасында қос жүйелі оқыту шеңберінде қызметкерлер құрамымен қатар білім беру ұйымдарының студенттері де оқудан өтеді. Орталыққа General Electric, ALSTOM, Talgo, Siemens сынды «ҚТЖ» ҰК» АҚ серіктес-компанияларымен ұсынылған заманауи жабдықтар мен жаттығу құрылғылары инновациялық жабдық, техника мен технологияларды сапалы енгізу мен пайдаланудың білімі мен тәжірибесіне ие қызметкерлер құрамының сапалы дайындығын қамтамасыз етеді.

Орта есеппен жыл сайын 93 000 артық қызметкерлер, сонымен қатар алыс және жақын шетелде оқытудан өтеді. 2012 жылы оқытудан өткен қызметкерлер санының өсу қарқыны 2011 жылға қатынасы 3 000 жуық адамды немесе 10,3% құрайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ менеджменттің басқарушылық дағдысын жоғарлату, жетекші көліктік-логистикалық ұйымдармен тәжірибе алмасу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін шетелдік оқу орындарында оқыту Бағдарламасы жүзеге асырылуда, соның аясында 2012 жылы 229 адам АҚШ, Испания, Германия, Франция және Ұлыбритания оқытушыларынан тәлім алды.

Интеграциялық үрдістерге белсене араласып, халықаралық қатынасты дамытып, Компания қызметкерлерге шет тілдердің оқу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, 2012 жылы 134 адам ағылшын тілі курстарынан өтті.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-нда қызметкерлер құрамын ынталандыру жүйесі енгізілген. Ол қызметкерлер құрамын ынталандырудың материалды, сонымен қатар материалды емес әдістерін қолданады, қызметкерлер алдына қойылған мақсаттарды бақылау мен маниторингілеу жүйесін әрқашан жетілдіреді. 2012 жылы қызметкерлер құрамының құзіреттілігі мен нәтижелілігін біріктірілген бағалауының жаңа жүйесі енгізілді, Қазақстанда оның аналогы жоқ және ол қызметкерлердің өз кәсібилігі мен нәтижелілігін жоғарлатуға қызығушылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл бағалаудың нәтижелері қызметкерлер құрамымен жүргізілетін жұмыстың бағыттарын анық анықтауға, қызметкер нәтижелілігін, сондай-ақ оның әрі қарай даму әлеуетін ескеріп, қызметкерлер құрамына құйылған инвестициялардың қайтарылуын айтарлықтай тиімдірек қамтамасыз ету.

Моральды көтермелеу жүйесі, қызметкерлер құрамын Қазақстан Республикасының корпоративтік, мекемелік және мемлекеттік марапаттарымен көтермелеуді қарастырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ жағынан көрнекті қызметкерлердің қызметін мойындауды қамтамасыз етеді және материалды емес ынталандырудың ең ықпалды құралдарының бірі болып табылады.

## ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрақты негізде өз қызметкерлері үшін, халықтың әлеуметтік-осал топтары үшін де түрлі қайырымдылық жобаларды жүзеге асырады.

Компания тобы бойынша демеушілік және қайырымдылық көмек көлемі 2012 жылы 3 384,9 млн теңгені құрады.

Демеушілік көмек Компаниямен келесі бағыттар бойынша іске асырылды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімдеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Жетекшісінің, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша шараларды қолдау;
- спорттың жеке түрлері мен спорттық іс-шараларды қолдау;
- әлеуметтік-маңызды жобаларды қолдау;
- Компания қызметімен байланысты ұйымдастыру-тәжірибелік іс-шараларды (халықаралық конференциялар, форумдар, инвестициялық саммиттер, дөңгелек үстелдер және т.с.с.) қолдау.

Қайырымдылық көмек келесі бағыттар бойынша көрсетілді:
- ардагерлер, мүгедектер ұйымдарының, бала үйлері мен орталықтарының, әлеуметтік саланың басқа коммерциялық емес ұйымдарының жарғылық қызметін қолдау;
- Компания есебінде тұрған зейнеткерлерді қолдау;
- Компания қызметкерлері мен олардың жақын туыстарының емделуіне көмек;

Соған қоса, Компанияның әкімшілік ғимаратында орналасқан қайырымдылық жәшіктерінің көмегімен науқас балаларға 400 мың теңгеге жуық қаражат жиналды. «Темір жол жетекшісінің гранты» жобасы бойынша материалды көмек толық емес жанұядан теміржолшылардың 6 баласына көмек көрсетілді.

Компания тұрақты негізде мектептер мен балалар үйіне көмек көрсетеді. Осылайша, 1 қыркүйекте Жетіген-Қорғас желісінің 5 станциясындағы (Алтынкөл, Тасқарасу, Шелек, Айнабұлақ, Көктөбе) жаңа мектеп балаларына, сондай-ақ Астана қ. № 4 емханасында есепте тұрған мүмкіндіктері шектеулі балаларға мектеп керек-жарақтары берілді.

Осымен бірге, 2012 жылы компаниялар тобының 1845 қызметкері мен 716 зейнеткерге 150 млн теңгеден астам материалдық көмек көрсетілді, соның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша – 111 млн теңге.

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметін іске асырған кезде  қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігі мен амандығы үшін жауапкершілік тартады.

Табиғатты қорғау қызметі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасымен бекітілген басқа нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық келісімшарттар мен келісімдерге сәйкес іске асырылады, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-нда қоршаған ортаны қорғау туралы Ережемен регламенттелген.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарында табиғатты қорғау іс-шараларының орындалуы бойынша есептік мәліметтерді талдау, жеке іс-шараларды алып тастаумен байланысты жылдық жоспарларға түзету жасауды ескерумен, 2012 жылды 12 айына жоспарланған 213 іс-шараның барлығы толық көлемде орындалғанын көрсетеді.

## ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша өндірістік жарақаттанушылық 14% төмендетілді (2011 жылғы 49 оқиғаға қарсы 42), соның ішінде қазалы аяқталатын оқиғалар саны 50% төмендеді (2011 жығы 10 оқиғаға қарағанда 5).

Өндірісте жарақат алған қызметкерлердің денсаулығына тиген зиянның орнын толтыру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес 2012 жылдың қорытындысы бойынша Компанияда материалдық зиянды төлеу 358 103 мың теңгені құрады.

Қызметкерлерге қауіпсіз жағдайларды жасау үшін Компанияда 1,98 млрд теңге сомасына кешендік іс-шаралар жүзеге асырылды, бұл еңбекақыны төлеу қорынан 1% кем емес бөлігін құрайды және Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 318 бабының және Компания мен оның еңбек ұжымының арасындағы Ұжымдық келісімшарттың талаптарына сәйкес келеді.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



*«ҚТЖ» ҰК» АҚ-нда Жалғыз акционердің мүдделерін жүзеге асыру және «ҚТЖ» ҰК» АҚ капиталдандандыруының тұрақты өсуін қамтамасыз ету корпоративтік басқарудың негізгі мақсаты болып табылады.*

## «ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Директорлар кеңесі Компания қызметін тиімді басқару және сәйкесінше бақылау үшін Жалғыз акционердің алдында жауапкершілік тартады.

2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды, ол 7 мүшеден тұрады: 3-і тәуелсіз болып табылады, 2-і «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері болып табылады, 1 – ҚР Көлік пен коммуникациялар министрлігінің өкілі, 1 – «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы. Сондай-ақ комитеттердің жаңа құрамы сайланды.

Қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің маңында келесі комитеттер бар:

1) Аудит бойынша комитет, ол Директорлар кеңесінің 4 мүшесінен тұрады, олардың үшеуі тәуелсіз болып табылады:

| | |
|---|---|
| Уолтон К. | Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы; |
| Сыздыков Т.У. | Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі; |
| Исингарин Н.К. | Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі; |
| Касымбек Ж.М. | Қазақстан Республикасының Көлік және комуникациялар министрлігінің жауапты хатшысы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі. |

2) Кадрлар мен сыйақы мәселелері бойынша комитет, 6 мүшеден тұрады, олардың 3-і тәуелсіз болып табылады:

| | |
|---|---|
| Сыздыков Т.У. | Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы; |
| Уразбеков М.Ж. | «Самұрық-Қазына» АҚ көліктік активтер басқармасының директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі. |
| Уолтон К. | Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі; |
| Исингарин Н.К. | Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі; |
| Ордабаева А.Т. | «Самұрық-Қазына» АҚ қызметкерлер құрамын басқару Департаментінің Бас менеджері, Комитет сарапшысы; |
| Лепесбаев А.М. | «ҚТЖ» ҰК» АҚ экономикасы бойынша Басқарушы директор, Комитет сарапшысы. |

3) Стратегиялық жоспарлау мен инновациялар бойынша Комитет, Директорлар кеңесінің 5 мүшесінен тұрады, олардың 3-і тәуелсіз болып табылады:

| | |
|---|---|
| Исингарин Н.К. | Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы. |
| Сыздыков Т.У. | Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі; |
| Уолтон К. | Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі; |
| Уразбеков М.Ж. | «Самұрық-Қазына» АҚ көліктік активтерді басқару Директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі; |
| Касымбек Ж.М. | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Жауапты хатшысы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі. |

Жалпы 2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен 9 отырыс өткізілді олардың 8-і көзбе-көз түрдет.

Отырыстарда Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы келесіні құрады:

| Аты-жөні | Отырыстарға қатысуы | Отырыстарға қатыспау себептері |
|---|---|---|
| Байдаулетов Н.Т. | 7 | 1 – демалыста болуына байланысты. |
| Мамин А.У. | 6 | 1 – демалыста болуына байланысты;<br>1 – «Стратегиялық серіктестік 1520: Орталық Азия» бизнес-форумының жұмысына қатысуымен байланысты. |
| Касымбек Ж.М. | 6 | 1 – «Стратегиялық серіктестік 1520: Орталық Азия» бизнес-форумының жұмысына қатысуымен байланысты;<br>1 – Қазақстан Республикасының Үкіметі отырысына қатысуына байланысты. |
| Уразбеков М.Ж. | 8 | - |
| Исингарин Н.К. | 8 | - |
| Сыздыков Т.У. | 2 | Директорлар Кеңесінің құрамына 2012 жылдың 2 қазанында сайланды |
| Уолтон К. | 8 | - |

Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық даму бағыттарын анықтайды, өндірістік-қаржылық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарастырады және қабылдайды. 2012 жылы отырыстарды 79 мәселе қаралды, соның ішінде келесілерге қатысты:

- Директорлар кеңесінің қызметі;

- Ішкі аудит қызметінің қызметі;

- қаржылық-экономикалық сипаттағы мәселелер;

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің регламенттеу.

Соның ішінде, «ҚТЖ» ҰК» АҚ инновационды-технологиялық даму Стратегиясы, 2020 жылға дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ даму Стратегиясын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар Жоспары, Компанияның даму Жоспарына түзетулер бекітілді, Компанияның қаржылық есеп беруі мен жылдық есеп беруі алдын ала бекітілді, Директорлар кеңесі және Ішкі аудит Қызметі және т.с.с. комитеттерінің қызметі туралы есеп берулер тұрақты түрде қаралды.

Қарастырылған 79 мәселе бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен 147 тапсырма берілді.

2012 жылы Директорлар кеңесімен жасалуына қызығушылық бар мәмілелерге қатысты 2 мәселе қарастырылды:

1) «Қорғас-Шығыс қақпа» арнайы экономикалық аумақ пен Ақтау портын басқару бойынша бизнес-жоспарды әзірлеу бойынша қызметтерді сатып алу туралы келісімшарт жасау арқылы жасалуына «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызығушылығы бар мәмілелер жасасу туралы;

2) Достық станциясындағы № 4Б (жабық типті) жүк тиейтін орнын «Кедентранссервис» АҚ жалға беру туралы келісімшарт жасау арқылы жасалуына «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызығушылығы бар мәмілелер жасасу туралы.

# «ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жалпы 2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің 21 отырысы өткізілді, соның ішінде:

Аудит бойынша Комитетімен 9 отырыс өткізілді, оның 6-ы көзбе-көз түрде, онда 19 мәселе қаралды.

| Аты-жөні | Отырыстарға қатысуы | Отырыстарға қатыспау себептері |
|---|---|---|
| Касымбек Ж.М. | 3 | 1 – Қазақстан Республикасының Үкіметі отырысына қатысуына байланысты.<br>1 – «Стратегиялық серіктестік 1520: Орталық Азия» бизнес-форумының жұмысына қатысуымен байланысты.<br>(Комитет құрамына 22.08.2012 жылдан сайланды) |
| Шомоди К. | 1 | Комитет құрамынан 22.08.2012 шығарылды |
| Уразбеков М.Ж. | 1 | Комитет құрамынан 22.08.2012 шығарылды |
| Исингарин Н.К. | 1 | 2 – іссапарда болйына байланысты<br>(Комитет құрамына 12.10.2012 жылдан сайланды) |
| Сыздыков Т.У. | 3 | Комитет құрамына 22.08.2012 жылдан сайланды. |
| Уолтон К. | 6 | - |

Кадрлар мен сыйақы мәселелері бойынша комитететімен 9 отырыс өткізілді, оның 7-і көзбе-көз түрде, онда 22 мәселе қаралды.

Кадрлар мен сыйақы мәселелері бойынша комитет мүшелерінің отырыстарда қатысуы келесіні құрады:

| Аты-жөні | Отырыстарға қатысуы | Отырыстарға қатыспау себептері |
|---|---|---|
| Касымбек Ж.М. | 4 | - |
| Уразбеков М.Ж. | 7 | - |
| Исингарин Н.К. | 7 | - |
| Сыздыков Т.У. | 2 | Комитет құрамына 12.10.2012 сайланды. |
| Уолтон К. | 4 | 3 – іссапарда болуына байланысты |

Стратегиялық жоспарлау мен инновациялар бойынша Комитетімен көзбе-көз түрде 3 отырыс өткізілді, сонда 3 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау мен инновациялар бойынша Комитеті мүшелерінің отырыстарда қатысуы келесіні құрады:

| Аты-жөні | Отырыстарға қатысуы | Отырыстарға қатыспау себептері |
|---|---|---|
| Касымбек Ж.М. | 2 | 1 - іссапарда болуына байланысты |
| Уразбеков М.Ж. | 3 | - |
| Исингарин Н.К. | 3 | - |
| Сыздыков Т.У. | 1 | Комитет құрамына 12.10.2012 сайланды. |
| Уолтон К. | - | Комитет құрамына 12.10.2012 сайланды.<br>1 - іссапарда болуына байланысты |

Аудит бойынша Комитетпен келесілер бойынша ұсыныстар өндіріледі:

- Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметін (соған қоса, қаржылық есеп берудің толықтығы мен нақтылығын) бақылаудың тиімді жүйесін орнату;
- ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау;
- ішкі және сыртқы аудиттің тәуелсіздігін бақылау.

Кадрлар мен сыйақы мәселелері бойынша комитетімен келесі мәселелер бойынша ұсыныстар өндіріледі:

- Ұйымның мақсаттары, міндеттері мен ағымдағы қалпына сәйкес Директорлардың, Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының, Корпоративтік хатшы аппаратының сәйкес сыйақысы;
- Директорларға, Басқарма мүшелеріне және Корпоративтік хатшыға сыйақы берудің құрылымды және ашық жүйесін енгізу.

Стратегиялық жоспарлау мен инновациялар бойынша Комитетімен келесілер бойынша ұсыныстар өндіріледі:

- Ұйымның ғылыми-техникалық және инновациялық салалары қалпының талдауы негізінде Ұйымның инновациялық қызметін ынталандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша;
- инновациялық саясатты іске асыруда Ұйым қызметінің тиімді әрекеттестігі мен шоғырландырылуы бойынша;
- инновациялық белсенділікті арттыру мақсатында Ұйым қызметін реформалау бойынша.

## «ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

2012 жылы корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес Компанияда алғашқы рет Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өткізілді. Бағалау тәуелсіз фасилитаторды қатыстырумен өткізілді, бұл корпоративтік басқарудың тиімділігі мен мөлдірлігін қамтамасыз ету бойынша ең озық талаптарға жауап береді. Фасилитатор ретінде Компания бұқаралық және жеке халықаралық компаниялардың директорлар кеңесін бағалауды өткізуде айтарлықтай тәжірибеге ие Ресейлік тәуелсіз директорлар қауымдастығы мен Британдық директорлар институты Консорциумын жұмылдырды.

Бағалау Консорциуммен «Самұрық-қазына» АҚ бірігіп әзірленген және Қазақстан Республикасының заңнамасынының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесінің талаптарына, атап айтқанда, ЭСДҰ-ның корпоративтік басқару принциптеріне және Ұлыбританияның Корпоративтік басқару Кодексіне негізделген директорлар кеңесінің қызметін бағалау әдістемесінің негізінде өткізілді. Әдістемеге сәйкес, бағалау технологиясына Директорлар кеңесінің барлық мүшелерін сауалнамадан өткізу, тәуелсіз фасилитатордың Директорлар кеңесінің

Директорлар кеңесі қызметін бағалаудың нәтижесі корпоративтік басқару тәжірибесінің әрі қарай даму бағыттарын көрсетті. Атап айтқанда, келесідей бағыттар анықталды: Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау, жоғарғы топ жеткешілерін тағайындау мен оларға сыйақы тағайындау мәселелеріне қатысуы, комитеттер жұмысын ұйымдастыру, акционерлер мен директорлар кеңесі арасында өкілеттіктерді оңтайлы тарату. Директорлар кеңесінің, комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған тәжірибелік іс-шаралар жоспары әзірленді.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу шарттары олармен жасалатын келісімдерде көрініс табады. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмайды.

2012 жыл ішінде тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу соммасы 15 371 мың теңгені құрады:

| № | Аты-жөні | Жылдық сыйақы, мың теңге | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | Исингарин Нигматжан Кабатаевич | 4 375,0 | |
| 2 | Крис Уолтон | 6 472,3 | |
| 3 | Кальман Шомоди | 2 862,2 | Директорлар кеңесі құрамынан 21.06.2012 ж. шығарылды |
| 4 | Сыздыков Тито Уахапович | 1 661,9 | Директорлар кеңесі құрамынан 02.10.2012 ж. сайланды |

## «ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Басқарма стратегияны жүзеге асыру және Компанияның ағымдағы қызметі үшін жауапкершілік тартады.

2012 жылдың ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 32 отырысы өткізілді, соның ішінде көзбе-көз отырыстар – 24, сырттай түрде 8 отырыс өткізілді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының қарауына 359 мәселе енгізілді, соның ішінде келесілерге қатыстылары:
- активтерді басқару;
- әлеуметтік жұмыс;
- экономикалық және қаржылық сипаттағы;
- магистральді торап қызметі;
- қызметкерлер құрамын басқару.

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ

Бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ жетекші және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу 2012 жылдың 13 желтоқсанынан (№ 9 хаттама) енгізілген өзгертулерді есепке алғандағы, 2011 жылдың 12 желтоқсанынан (№ 7 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі шешімімен бекітілген бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ жетекші және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу Ережелеріне сәйкес іске асырылады.

Аталған Ережелердің 5 тармағына сәйкес жоспарланған сомманы ескеріп есептелінген есепті жыл ішіндегі шоғырландырылған қорытынды кірістің болуы сыйақы төлеудің негізгі шарты болып табылады.

Сыйақыны есептеу кезінде әр лауазым үшін қызметтің корпоративтік және жеке негізгі көрсеткіштер бойынша жоспардың орындалуы, қызметкердің лауазымдағы іс жүзінде жұмыс істеген уақытының есепті жылдағы нормативке қатынасы есепке алынады.

Бұл ретте, 2011 жылдың 28 маусымынан (№30/11 хаттамасы) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ жетекші және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу Саясатына, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ жетекші және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу Ережелеріне сәйкес 2011 жыл үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ жетекші және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу жүргізілді.

## «ҚТЖ» ҰК» АҚ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін жетілдіру мақсатында қаржылық-шаруашылық қызметті бақылауды, ішкі бақылау облысындағы, тәуекелдердің басқарылуын, корпоративтік басқару мен кеңес беру облысындағы құжаттардың орындалуын бағалауды іске асыратын орган.

2012 жылға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспары 2011 жылдың 12 желтоқсанынан (№ 7 хаттама) Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.

Жылдық аудиторлық жоспармен қарастырылған 29 аудиторлық тапсырма толығымен орындалды.

Жүк тасымалы, тауарлық-материалдық қорлардың есебі, инвестициялық жобалардың орындалуы, сондай-ақ Жалғыз акционердің ұсыныстарына сәйкес – корпоративтік басқарудың диагностикасы және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау сынды негізгі бизнес-үрдістер аудитпен қамтылды. Тексерулер қорытындысы бойынша Ішкі аудит қызметімен 266 ұсыныс берілді.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқарудың баға мен беделге кері әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша шараларды қабылдау және уақытылы сәйкестендіруге бағытталған Компания мен оның еншілес ұйымдарын корпоративті басқару жүйесінің негізгі компоненті ретінде маңыздылығын ұғынады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-нда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу «Самұрық-Қазына» АҚ Ұсыныстарын орындау негізінде іске асырылуда, оларға сәйкес тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу COSO «Тәуекелдерді корпоративтік басқару» – «Біріктірілген үлгі» (2004) үлгісіне сәйкес іске асырылуы тиіс. 2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметімен өткізілген бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік деңгейі 65,3% (бағасы - жоғары) құрады.

Компанияда қаржылық есеп беруді дайындаудың бизнес-үрдістерді ішкі бақылаудың жүйесі енгізілген, сондай-ақ SAP GRC платформасының негізінде ішкі бақылау жүйесін автоматтандыру бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Аталған жүйе шеңберінде Компания мен еншілес ұйымдарда қаржылық есеп беру үрдістернің және қаржылық есеп беруді шоғырландыру мен дайындау үрдісінің тәуекелдері мен бақылауларының матрицалары, тестілеу жоспарлары, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі, ішкі бақылау үрдісінің уақыт тәртібі жетілдірілді. 2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметінің өткізілген бағалау нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің тиімділік деңгейі 89% (бағасы - жоғары) құрады.

2012 жылы Басқарма мен Директорлар кеңесінің жұмысы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің әрі қарай жетілдірілуіне және оны үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келтіруге бағытталды.

Сондай-ақ 2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-нда SAP GRC платформасының (2012 жылдың 29 желтоқсанынан тәжірибелік пайдалануға енгізу акті) негізінде тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған корпоративтік жүйесін жетілдіру мен таралымын көбейту бойынша іс-шаралар өткізілді.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін жоғарлату аясында 2012 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы мен Директорлар кеңесінің деңгейінде бірқатар негізгі құжаттар қабылданды.

Компания келесі негізгі тәуекелдерге ұшырауы мүмкін, бұлар оның қызметі мен стратегиялық мақсаттарға жетуге кері әсерін тигізуі мүмкін:

*Әлемдік экономиканың дағдарыстық құбылыстарының жаңғыруы немесе шикізат бағасының төмендеуі салдарынан жүк тасымалы деңгейінің төмендеуі (нарықтық тәуекел)*

Экономикалық жағдайлардың нашарлауы темір жол көлігімен жүк тасымалы бойынша ұсынылатын қызметтер көлемінің азаюына, еңбек өнімділігінің төмендеуіне, жүзеге асырылған өнім мен көрсетілген қызмет құнының артуына әкеліп соқтыруы мүмкін және жоспарланған көсеткіштерді орындауға кері әсер етеді. Компания өз қызметінің тиімділігін арттыру, транзиттік тасымалдарды көбейту бойынша, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру бойынша (шығындардың қосымша қысқартылуы) іс-шараларды іске асырады.

*Операциялық тәуекелдер (қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек пен экологияны қорғау тәуекелдері)*

Топ Қазақстанның темір жол инфрақұрылымының ірі иеленушісі мен операторы, сондай-ақ жолаушылар мен жүктік жылжымалы құрамының, Қазақстандағы локомотивтердің иеленушісі мен операторы болып табылады. Осыған байланысты, Топ қозғалыс қауіпсіздігінің тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін, соқытығысуларды, магистральді, станциялық және жер асты жолдарында және/немесе станцияларда, дүлей апаттарда жылжымалы құраммен маневрлі жұмыс орныдаған кездегі жүк және/немесе жолаушылар поезындағы жылжымалы құрамының түсулерін қоса алғанда. Аталған тәуекелді басқару үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ пойыз қозғалысымен байланысты пойыз қозғалысының қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша алдын алатын жұмыстарды күшейту бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

Өндірістік жарақаттанушылық тәуекелдерді басқару аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды іске асыруда, еңбектік (қызметтік) міндеттерді орындау кезіндегі жазатайым оқиғалардан қызметкерлердің міндетті сақтандыруын қамтамасыз етуде.

*Валюталық тәуекел*

Компания негізінен АҚШ доллары бағамының өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды, себебі Компания негізінен қарыз алуларды АҚШ долларларында тартады және теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі (құнсыздануы) бағамдық айырма бойынша шығындардың көбеюін білдіреді. Аталған тәуекелді басқару аясында Компания күнделікті негізде USD/KZT валюталық бағамдарының өзгеруінің, сондай-ақ валюталық бағамның өзгеруіне әсер ететін басқа да көрсеткіштердің: USD/RUR, USD/EUR бағамдарының, мұнай, шикізат бағаларының мониторингін іске асырады. Бұл ретте уақытша-бос ақшаларды басқарумен байланысты валюталық тәуекелді бақылау мақсатында Компания АҚШ долларымен көрсетілген уақытша бос ақшалардың деңгейін басқарады.

2010 жылғы 23 желтоқсанынан (№ 9 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен валюталық және пайыздық тәуекелдерді хеджирлеу Саясаты бекітілді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ валюталық және пайыздық тәуекелдерді хеджирлеу Саясаты теңге бағамының шетел валюталарына қатысты жайсыз өзгеруі мен қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің құбылмалы пайыздық мөлшерлемесімен жайсыз өзгеруімен байла-

ныcты мүмкін болатын пайыздық және валюталық тәуекелдерді азайту (төмендету) мақсатымен жетілдірілді.

*Ақпараттық-технологиялық тәуекелдер*

Топ, қозғалыс тізімі мен өз т/ж операцияларының басқа аспектілерін үйлестіру үшін, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу, жолаушылар поезына билеттерді сату, жүктердің жеткізілуін қадағалау және көптеген басқа функцияларды орындау үшін, телекоммуникациялық тораптар мен компьютерлік жүйелерді пайдаланады. Топпен пайдаланылатын жабдық пен бағдарламалық қамсыздандыру оператор қатесі, дүлей апаттар, электр энергиясының сөндірілуі, зымияндық,компьютерлік вирус және басқа да жағдайлар нәтижесінде әлеуетті зақымдануы мүмкін.

Ақпараттық технологиялардың жаңылу және ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылу тәуекелін төмендету үшін, ақпараттық қауіпсіздік облысындағы жергілікті актілер мен корпоративтік саясат талаптарын сақтау және қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын басқа құпияларды сақтау мақсатында Топтың құрылымдық бөлімшелерінде жыл сайын тексерулер өткізіледі. 2012 жылы Компания ақпараттық қауіпсіздік бойынша ISO/IEC 27001:2005 халықаралық стандартқа сәйкестікке сертификаттаудан өтті.

# 2013 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



Компаниямен 2013 жылы келесідей өндірістік-қаржылық көрсеткіштер болжамдалады:

- тарифтік жүк айналымы – 236 726 млн т-км;
- жолаушылар айналымы – 16 075 млн жол-км;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы кірістер 899,1 млрд теңге соммасына жоспарланған;
- мемлекеттік көмекқаржылар 25,7 млрд теңге соммасына жоспарлануда;
- ағымдағы қызметке жалпы шығындар 735,9 млрд теңге соммасын жоспарлануда;
- таза табыс 125,2 млрд теңге деңгейінде жоспарлануда.

2013 жылға «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының күрделі жұмсалымдар жоспары 499 354 млн теңге жалпы соммасына ұйымдастырылған.

Негізгі инвестициялық бағыттар:

- «Қорғас – Жетіген» темір жол желісінің құрылысы» 9 013 млн теңге соммасына;
- «Жезқазған – Бейнеу» темір жол желісінің құрылысы» 144 905 млн теңге соммасына;
- «Арқалық – Шұбаркөл» темір жол желісінің құрылысы» 32 559 млн теңге соммасына;
- «Астана қ. көп функционалды мұз сарайының құрылысы» 17 851 млн теңге соммасына;
- «Астана қ. жолаушы вагондарын шығаратын «Тальго» зауытының құрылысы» 913 млн теңге соммасына;
- «Заманауи өндірісі бойынша зауыт құрылысы» 2 165 млн теңге соммасына;
- «№ 10 ірі вагонды құю цехының жаңартылуы» 1 952 млн теңге соммасына;
- «Энергиялық диспетчерлік жетегінің БАЖ» 9 768 млн теңге соммасына;
- «Жүк вагондарының паркін жағарту» 39 239 млн теңге соммасына (2 654 бірл.);
- «Локомотив паркін жаңарту» 67 672 млн теңге соммасына (98 бірл.);
- «Жолаушы вагондарының паркін жаңарту» 32 777 млн теңге соммасына (218 бірл., соның ішінде Тальго вагондарының 158 бірл.);
- «Контейнерлік паркті жаңарту» 413 млн теңге соммасына (250 бірл.);
- «Жолдың жоғарғы құрылысының күрделі жөндеуі» 40 827 млн теңге соммасына (652 км);
- «Жүк вагондарының күрделі жөндеуі» 1 416 бірл. көлемінде 9 806 млн теңге соммасына;
- «Локомотивтердің күрделі жөндеуі» 38 бірл. көлемінде 3 327 млн теңге соммасына;
- «Жолаушы вагондары мен электр поездарының күрделі жөндеуі» 50 бірл. көлемінде 1 960 млн теңге соммасына.

# КОМПАНИЯНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУІ



# 2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІ БЕРУДІ ДАЙЫНДАУ МЕН БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАУЫ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компания» АҚ басшылығы (әрі қарай – «Компания») 2012 ж. 31 желтоқсанына дейінгі қалыпта Компания мен оның еншілес ұйымдарының (әрі қарай біріктірілген атауы – «Топ») қаржылық қалпын, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелерін, Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес («ҚЕХС») аталған мерзімде аяқталған жыл ішінде ақша құралдарының қозғалысы мен капиталдағы өзгерістерді барлық айтарлықтай аспектілерден көрініс беретін шоғырландырылған қаржылық есеп беруді дайындау үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есеп беруді дайындау кезінде басшылық келесілер үшін жауапкершілік тартады:

- есептік саясаттың принциптерін қолдану және дұрыс таңдауын қамтамасыз ету;
- ақпаратты, соның ішінде есептік саясат туралы мәліметтерді осындай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін формада ұсыну;
- ҚЕХС талаптарын орындау есеп беруді пайдаланушыға қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ басқа оқиғалар Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық қалпына және шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне көрсететін әсерін түсінуге жеткіліксіз жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және көз жетерлік болашақта қызметті жалғастыруға Топ қабілетін бағалау.

Басшылық сондай-ақ келесілер үшін жауапкершілік тартады:

- Топтың барлық кәсіпорындарында ішкі бақылаудың сенімді және тиімді жүйесін әзірлеу, ендіру және ұстап тұру;
- Топ мәмілелерін ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін формада есеп жүргізу, сондай-ақ кез келген мерзімге Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы айтарлықтай нақты ақпаратты ұсыну және шоғырландырылған қаржылық есеп беруді ҚЕХС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- жергілікті заңнамалар мен ҚЕХС сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық орынды шараларды қабылдау; және қаржылық және басқа теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау.

2012 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп беруі басшылықпен 2013 ж. 14 наурызында бекітілді.

**Топ басшылығының атынан:**

| | | |
|---|---|---|
| **А.У. Мамин**<br>**Президент** | **Е.И. Лепская**<br>**Экономика және қаржы бойынша**<br>**Вице-президент** | **Н.Х. Абилова**<br>**Бас бухгалтер** |
| 14 наурыз 2013 ж. | 14 наурыз 2013 ж. | 14 наурыз 2013 ж. |

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

**«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компанисы» АҚ Директорлар Кеңесі мен Акционеріне:**

Біз «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компанисы» АҚ және оның еншілес ұйымдарының (әрі қарай – «Топ») тіркелген шоғырландырылған қаржылық есеп беруінің аудитін өткіздік, оның ішінде 2012 ж. 31 желтоқсанына дейінгі қалыптағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп беру және біріктірілген кіріс туралы, ақша құралдарының қозғалысы туралы және осы мерзімде аяқталған жыл ішіндегі капитал өзгерісі туралы сәйкес шоғырланған есептер, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі қағидаттары мен басқа түсіндірмелердің ашылуы.

**Шоғырландырылған қаржылық есеп беру үшін басшылық жауапкершілігі**

Басшылық берілген шоғырландырылған қаржылық есеп берудің Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалуы мен анық таныстырылуы үшін, сондай-ақ ықылассыз әрекеттер немесе қателер салдарынан айтарлықтай бұрмаланулары жоқ, басшылық шоғырландырылған қаржылық есеп беруді дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесін құру үшін жауапкершілік тартады.

**Аудитор жауапкершілігі**

Біздің жауапкершілік біз өткізген аудит негізінде берілген шоғырландырылған қаржылық есеп берудің нақтылығы туралы ойымызды жеткізуде жатыр. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткіздік. Бұл стандарттар аудиторлармен этикалық нормалардың орындалуын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есеп беру айтарлықтай бұрмалануларға ие еместігіне жетерліктей сенімділікті алатындай етіп аудитті жоспарлау мен өткізуді талап етеді.

Аудит өзіне сандық көрсеткіштерге қатысты аудиторлық айғақтарды және шоғырландырылған қаржылық есеп беруге ескерпелерді алу үшін қажетті шаралардың өткізілуін қосады. Шараларды таңдау, ықылассыз әрекеттер мен қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есеп берудің айтарлықтай бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, аудитордың кәсіби пайымдамасына негізделеді. Осындай тәуекелдерді бағалауға ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді жеткізу үшін емес, берілген жағдайларда қолданылатын аудиторлық шараларды әзірлеу мақсатымен шоғырландырылған қаржылық есеп беруді дайындау мен нақтылығын ішкі бақылау жүйесіні қарастыру жатады. Сондай-ақ аудитке пайдаланылатын есептік саясатының сәйкес сипатын және басшылықпен алынған бағалау көрсеткіштерінің негізділігін бағалау, сондай-ақ жалпы алғандағы қаржылық есеп берудің ұсынылуын бағалау кіреді.

Біз бізбен алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді жеткізу үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылады деп санаймыз.

**Пікір**

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес, барлық маңызды аспектілерде 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық хал-ахуалын, сонымен қатар осы күнде аяқталатын жылдағы оның қызметінің нәтижелерін және ақшалай қаражаттарының қозғалысын көрсетеді.

**Татьяна Гутова**
Тапсырыс бойынша серіктес
Білікті аудитор
Біліктілік куәлігі №0000314
23 желтоқсан 1996 ж.,
Қазақстан Республикасы

**«Делойт» ЖШС**
Қазақстан Республикасы бойынша аудит жүргізуге құқық беретін лицензия №0000015, түрі ҚЗМ - 2, 2006 жылдың 13 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігімен берілген.

**Нурлан Бекенов**
Бас директор
«Делойт» ЖШС

14 наурыз 2013 ж.

## 2012 Ж, 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ХАЛ-АХУАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

| | Ескертулер | 31 желтоқсан 2012 ж. | 31 желтоқсан 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі қаражат | 4 | 1,618,330,771 | 1,269,468,987 |
| Материалдық емес активтер | 5 | 8,522,684 | 8,356,743 |
| Қауымдастырылған және ортақ-бақыланатын ұйымдарға салынатын инвестициялар | 6 | 15,479,199 | 4,939,504 |
| Инвестициялық қозғалмайтын мүлік | 7 | 7,129,207 | 6,578,879 |
| Акционер пайдасына арналған актив | 12 | 7,000,000 | - |
| Басқа ұзақ мерзімді активтер | 8 | 133,189,328 | 55,428,341 |
| | | | |
| **Барлық ұзақ мерзімді активтер** | | **1,789,651,189** | **1,344,772,454** |
| | | | |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауарлық-материалдық қорлар | 9 | 33,794,699 | 41,484,666 |
| Сауда дебиторлық берешек | 10 | 7,689,604 | 4,568,143 |
| Басқа қаржы активтері | 11 | 43,050,711 | 51,221,664 |
| Табыс салығы бойынша алғытөлем | | 2,125,829 | 5,538,970 |
| Акционердің пайдасына арналған актив | 12 | 28,238,638 | 47,777,020 |
| Ақшалай қаражат және оның эквиваленті | 14 | 67,313,397 | 130,211,949 |
| Қолданыста шектеулі ақшалай қаражаттары | 17 | 223,531 | 224,665 |
| Басқа ағымдағы активтер | 13 | 47,688,985 | 38,437,374 |
| | | 230,125,394 | 319,464,451 |
| Ұзақ мерзімді активтер сату үшін ұстап қалынатындар ретінде топтастырылатын ұзақ мерзімді активтер | 15 | 37,720,512 | - |
| | | | |
| **Барлық ағымдағы активтер** | | **267,845,906** | **319,464,451** |
| | | | |
| **Барлық активтер** | | **2,057,497,095** | **1,664,236,905** |

## 2012 Ж, 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ХАЛ-АХУАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ) (мың теңге)

| | Ескертулер | 31 желтоқсан 2012 ж. | 31 желтоқсан 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| **КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 16 | 675,526,248 | 579,417,097 |
| Қосымша төленген капитал мен шығарылмаған жарғылық капитал | | 43,407,831 | 103,121,474 |
| Шетелдік валюталарының қайта есептеулерінен келетін резерв | | (112,268) | (197,201) |
| Таратылмаған табыс | | 305,078,378 | 261,978,267 |
| | | | |
| Аналық компания акционерінің жекеменшік капиталы | | 1,023,900,189 | 944,319,637 |
| Бақыланбайтын иелік үлестері | | 7,525,291 | 6,158,078 |
| **Барлық капитал** | | **1,031,425,480** | **950,477,715** |

## 2012 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

| | Ескертулер | 31 желтоқсан 2012 ж. | 31 желтоқсан 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 17 | 210,731,801 | 167,374,546 |
| Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар | 18 | 331,688,969 | 154,927,950 |
| Қаржылық жалдау міндеттемелері | 19 | 4,546,064 | 5,016,103 |
| Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер | 20 | 21,581,319 | 17,455,418 |
| Кейінгі қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | 21 | 150,504,835 | 118,599,053 |
| Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер | 24 | 25,150,747 | 104,554 |
| | | | |
| **Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | **744,203,735** | **463,477,624** |
| | | | |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 17 | 27,279,361 | 33,119,423 |
| Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлімі | 18 | 7,587,539 | 2,056,610 |
| Қаржылық жалдау міндеттемелерінің ағымдағы бөлімі | 19 | 552,251 | 614,257 |
| Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелерінің ағымдағы бөлімі | 20 | 2,387,767 | 1,985,504 |
| Сауда кредиторлық берешегі | 22 | 98,355,798 | 70,963,528 |
| Табыс салығы бойынша міндеттемелер | | 89,812 | 107,835 |
| Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер | 23 | 9,488,936 | 7,779,382 |
| Басқа ағымдағы міндеттемелер | 24 | 119,452,297 | 133,655,027 |
| | | 265,193,761 | 250,281,566 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді активтер сату үшін ұстап қалынатындар ретінде топтастырылатын, ұзақ мерзімді активтертермен тікелей байланысты міндеттемелер | 15 | 16,674,119 | - |
| **Барлық ағымдағы міндеттемелер** | | **281,867,880** | **250,281,566** |
| | | | |
| **Барлық міндеттемелер** | | **1,026,071,615** | **713,759,190** |
| | | | |
| **Барлық капитал мен міндеттемелер** | | **2,057,497,095** | **1,664,236,905** |

**А.У. Мамин**
**Президент**

14 наурыз 2013 ж.

**Е.И. Лепская**
**Экономика және қаржы бойынша**
**Вице-президент**

14 наурыз 2013 ж.

**Н.Х. Абилова**
**Бас бухгалтер**

14 наурыз 2013 ж.

## 2012 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ) (мың теңге)

| | Ескертулер | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| **Жалғасып жатқан қызмет** | | | |
| **Табыстар** | | | |
| Жүк тасымалы | | 686,097,952 | 603,656,403 |
| Жолаушылар тасымалы | | 63,484,428 | 54,913,553 |
| Мемлекеттік субсидиялар | | 22,148,264 | 18,454,475 |
| Басқа табыстар | 25 | 24,058,149 | 25,715,663 |
| **Барлық табыстар** | | **795,788,793** | **702,740,094** |
| Жүзеге асырудың өздік құны | 26 | (547,142,199) | (470,280,262) |
| **Жалпы табыс** | | **248,646,594** | **232,459,832** |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | 27 | (78,800,676) | (62,107,961) |
| Жүзеге асыру бойынша шығындар | | (193,391) | (159,971) |
| Негізгі қаражаттардың құнсыздануы | 4 | (101,945) | (903,059) |
| Әділ құнынан төмен баға бойынша иелік үлесін сатып алудан келетін кіріс | 30 | - | 948,610 |
| Басқа пайда мен шығыс | | 5,605,289 | 3,344,762 |
| Қаржылық кіріс | 28 | 3,991,446 | 4,637,732 |
| Қаржылық шығын | 29 | (29,188,901) | (19,022,743) |
| Бағамдық айырмашылықтан келетін шығын | | (4,053,360) | (1,541,535) |
| Қауымдастырылған және ортақ-бақыланатын ұйымдардағы (шығындардағы)/табыстағы үлес | 6 | (72,209) | 69,331 |
| **Салық салуға дейінгі пайда** | | **145,832,847** | **157,724,998** |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар | 21 | (30,304,707) | (32,554,051) |
| **Жыл ішіндегі жалғасып жатқан қызметтен келетін пайда** | | **115,528,140** | **125,170,947** |
| **Тоқтатылатын қызмет** | | | |
| Жыл ішіндегі тоқтатылатын қызметтен келетін таза шығын | 15 | (1,109,451) | (1,942,128) |
| **Жыл ішіндегі пайда** | | **114,418,689** | **123,228,819** |
| **Басқа жиынтық пайда/(шығын):** | | | |
| Шетел кәсіпорындардың есептіліктерін қайта есептеу кезінде туындайтын пайда/(шығын) | | 84,933 | (93,404) |
| **Жыл ішіндегі басқа жиынтық пайда/(шығын):** | | **84,933** | **(93,404)** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Жыл ішіндегі барлық жиынтық табыс** | | **114,503,622** | **123,135,415** |
| | | | |
| **Келесіге қатысты жыл ішіндегі пайда:** | | | |
| Аналық компания акционеріне | | 113,328,072 | 122,886,900 |
| Бақыланбайтын иелік үлестеріне | | 1,090,617 | 341,919 |
| | | | |
| | | **114,418,689** | **123,228,819** |
| | | | |
| **Келесіге қатысты барлық жиынтық табыс:** | | | |
| Аналық компания акционеріне | | 113,413,005 | 122,793,496 |
| Бақыланбайтын иелік үлестеріне | | 1,090,617 | 341,919 |
| | | | |
| | | 114,503,622 | 123,135,415 |
| | Ескертулер | 2012 ж. | 2011 ж. |
| **Жалғасып жатқан және тоқтатылатын қызметтен келетін акцияға қатысты пайда, теңге** | **31** | **231** | **250** |
| **Жалғасып жатқан қызметтен келетін акцияға қатысты пайда, теңге** | **31** | **233** | **254** |

(*) 2011 жылғы салыстымалы ақпарат тоқтатылатын қызметті айыруға байланысты қайта есептелді (Ескерту 15).

| | | |
|---|---|---|
| **А.У. Мамин**<br>**Президент** | **Е.И. Лепская**<br>**Экономика және қаржы бойынша Вице-президент** | **Н.Х. Абилова**<br>**Бас бухгалтер** |
| 14 наурыз 2013 ж. | 14 наурыз 2013 ж. | 14 наурыз 2013 ж. |

## 2012 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің ажыратылмайтын бөлігі болып табылады.

| | Ескертулер | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен келетін ақшалай қаражаттар қозғалысы:** | | | |
| | | | |
| Жыл ішіндегі пайда | | 114,418,689 | 123,228,819 |
| Пайда мен шығындарда көрсетілетін корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар | | 30,664,517 | 33,292,672 |
| Келесіге түзету: | | | |
| Тозу және амортизация | | 76,537,148 | 60,972,868 |
| Қаржылық шығындар | | 29,703,080 | 19,515,232 |
| Өтелмейтін қосымша құн салығы бойынша резерв | 8 | 180,792 | (9,905,425) |
| Сот наразылықтары бойынша резерв | 27 | 99,277 | 590,447 |
| Негізгі құралдардың құнсыздануына келетін шығын | 4 | 101,945 | 903,059 |
| Негізгі құралдардың және басқа негізгі құралдарды шығарудан келетін шығындар/(табыстар) | | 640,221 | (688,534) |
| Қаржылық табыс | | (3,997,911) | (4,644,247) |
| Бекітілген төлемдер жоспары бойынша актуарлық міндеттемелер | | 6,440,510 | 5,497,239 |
| Қауымдастырылған және ортақ-бақыланатын ұйымдардағы шығындардағы/(табыстағы) үлес | 6 | 72,209 | (69,331) |
| Өтімді емес және ескірген тауарлық-материалдық қорлары бойынша резервті қалпына келтіру | 9 | (33,720) | (291,770) |
| Күмәнді берешек бойынша резервті есептеу | | 1,842,850 | 1,118,705 |
| Қолданылмайтын демалыстар бойынша резервті есептеу | | 940,244 | 1,473,272 |
| Экологиялық зардап шегетін аймақтарда тұрғаны үшін төленетін қосымша төлемдер бойынша резервтің есептелуі | 26, 27 | 50,734 | 3,223,972 |
| Теріс бағамдық айырмашылық | | 4,287,846 | 1,640,265 |
| Әділ құнынан төмен баға бойынша иелік үлесін сатып алудан келетін кіріс | 30 | - | (948,610) |
| Басқа пайда | | (388,894) | (163,056) |

## 2012 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ) (мың теңге)

| | Ескертулер | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық табыс | | 261,559,537 | 234,745,577 |
| | | | |
| Сауда дебиторлық берешегінің артуы | | (8,870,976) | (3,592,506) |
| Тауарлық-материалдық қорлардың азаюы/(артуы) | | 1,413,147 | (13,799,347) |
| Басқа ағымдағы және ұзақ мерзімді активтердің (соның ішінде өтелуге арналған ұзақ мерзімді ҚҚС) азаюы/(артуы) | | (22,197,179) | 7,602,429 |
| Сауда кредиторлық берешегінің артуы | | 19,516,871 | 7,891,547 |
| Төленетін басқа салықтардың артуы /(азаюы) | | 1,292,988 | (8,064,235) |
| Басқа ағымдағы міндетемелердің (азаюы)/артуы | | (2,631,209) | 10,655,189 |
| Жұмыскерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің азаюы | | (1,889,242) | (1,816,422) |
| Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелердің артуы | | 791 | 85,420 |
| | | | |
| Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражаттар | | 248,194,728 | 233,707,652 |
| Төленген пайыздар | | (21,405,739) | (20,620,645) |
| Төленген табыс салығы | | (5,125,637) | (5,335,739) |
| | | | |
| **Операциялық қызметтен келетін ақшалай қаражаттардың таза қозғалысы** | | **221,663,352** | **207,751,268** |
| | | | |
| **Инвестиция қызметтен келетін ақшалай қаражаттардың қозғалысы:** | | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | (496,486,385) | (338,914,446) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (2,555,415) | (341,709) |
| Негізгі құралдардың және басқа негізгі қорларды шығарудан келетін түсімдер | | 3,650,968 | 1,776,686 |
| Басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу | | (7,377,801) | - |
| Қолда бар ақшаны шегерген кездегі еншілес ұйымдарды сатып алу | | - | (505,080) |
| Инвестицияларды сатып алу | | (1,842,588) | (2,794,997) |
| Алынған пайыздар | | 2,928,899 | 4,300,465 |
| Қысқа мерзімді инвестицияларды сатып алу | | (103,513,714) | (128,196,788) |
| Қысқа мерзімді инвестицияларды сатудан келетін түсім | - | 111,705,784 | 198,723,015 |
| | | | |
| **Инвестициялық қызметте қолданылған ақшалай қаражаттардың таза қозғалысы** | | **(493,490,252)** | **(265,952,854)** |

| | Ескертулер | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық қызметтен келетін ақшалай қаражаттар қозғалысы:** | | | |
| Шығарылмаған жарғылық капиталған берілетін жарна | 16 | 4,000,000 | 90,821,510 |
| Заемдарды алу | | 190,063,370 | 145,428,149 |
| Облигацияларды шығарудан келетін түсім | | 173,418,791 | - |
| Заемдарды өтеу | | (108,561,761) | (28,508,488) |
| Облигацияларды өтеу | | - | (66,049,200) |
| Бақыланбайтын иелік үлестерінің жарнасы | | - | 19,554 |
| Дивидендтер және төленген таралымдар | | (34,219,790) | (10,876,307) |
| Акционер пайдасына арналған активті сатып алу | | (14,916,953) | (38,606,736) |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу | | (607,852) | (685,935) |
| **Қаржылық қызметтен келетін ақшалай қаражаттардың таза қозғалысы** | | **209,175,805** | **91,542,547** |
| | | | |
| **Ақшалай қаражаттардың және олардың эквиваленттерінің таза (азаюы)/артуы** | | **(62,651,095)** | **33,340,961** |
| Жыл басында ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттері | 14 | 130,211,949 | 97,513,097 |
| Шетелдік валютада қайта тағайындалған ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттерінің балан-старына қатысты валюталық бағам өзгерісінің әсері | | (227,609) | (642,109) |
| | | | |
| **Жыл соңындағы ақшалай қаражаттар мен оның эквиваленттері** | **14** | **67,333,245** | **130,211,949** |
| | | | |
| **Ақшалай емес операциялар:** | | | |
| Жарғылық капиталға енгізілген салым ретінде негізгі қаражаттардың түсуі | | 5,514,165 | 1,203,236 |
| Акционерлен алынған заемдар құнын әділ бағаға дейін түзету | | 33,601,679 | 10,271,770 |
| Есептік жылдың соңына дейін төленбеген негізгі құралдарды сатып алу | | 14,554,719 | 12,255,643 |

| | | |
|---|---|---|
| Заем бойынша шығындарды капиталдандыру | 1,806,889 | 2,361,383 |
| Темір жол әкімшіліктері бойынша берешекті өзара тіркеу | 4,707,817 | 4,114,905 |
| «Тұлпар-Тальго» ЖШС жарғылық капиталына енгізілген ұзақ мерзімді активтер салымы (Ескерту 6) | 9,384,985 | - |
| «Қазақ көлігі және коммуникациясы» АҚ сатып алулары (Ескерту 8 және 24) | 6,996,752 | - |
| Акционерлерге темір жол активтеріне қатысты заңды құқықты табыстау | - | 30,482,773 |
| «Қамқор «Жөндеу корпорациясы» ЖШС иелік үлесін табыстау | - | 10,255,000 |
| Қаржылық жалдау туралы келісімдер бойынша активтерді сатып алу (Ескерту 19) | - | 1,042,029 |

**А.У. Мамин**
**Президент**

14 наурыз 2013 ж.

**Е.И. Лепская**
**Экономика және қаржы бойынша**
**Вице-президент**

14 наурыз 2013 ж.

**Н.Х. Абилова**
**Бас бухгалтер**

14 наурыз 2013 ж.

## 2012 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ КАПИТАЛ ӨЗГЕРІСТЕРІ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

| | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал және шығарылмаған жарғылық капитал | Шетел валютасын қайта есептеуден келетін резерв | Таратылмаған пайда | Аналық компания акционерінің үлесі | Бақыланбайтын иелік үлесі | Барлық капитал |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **31 желтоқсан 2011 ж.** | **579,417,097** | **103,121,474** | **(197,201)** | **261,978,267** | **944,319,637** | **6,158,078** | **950,477,715** |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | 113,328,072 | 113,328,072 | 1,090,617 | 114,418,689 |
| Жыл ішіндегі басқа жиынтық пайда | - | - | 84,933 | - | 84,933 | - | 84,933 |
| Жыл ішіндегі жиынтық табыс | - | - | 84,933 | 113,328,072 | 113,413,005 | 1,090,617 | 114,503,622 |
| Акционер жарнасы (Ескерту 16) | 4,084,405 | 5,429,760 | - | - | 9,514,165 | - | 9,514,165 |
| Акциялар бөлігін заңды тіркеуге байланысты ауысу (Ескерту 16) | 92,024,746 | (92,024,746) | - | - | - | - | - |
| Дивидендтерді төлеу (Ескерту 16) | - | - | - | (36,866,070) | (36,866,070) | - | (36,866,070) |
| Тарату (Ескерту 16 және 24) | - | - | - | (32,958,124) | (32,958,124) | - | (32,958,124) |
| Жарна – заемды әділ бағаға дейін түзету, 6,720,336 мың теңге сомасындағы кейінге қалдырылған салық шегеріледі (Ескерту 16) | - | 26,881,343 | - | - | 26,881,343 | - | 26,881,343 |
| Еншілес компаниялардағы бақыланбайтын қатысу үлестерінің өзгеруі | - | - | - | (403,767) | (403,767) | 276,596 | (127,171) |
| **31 желтоқсан 2012 ж.** | **675,526,248** | **43,407,831** | **(112,268)** | **305,078,378** | **1,023,900,189** | **7,525,291** | **1,031,425,480** |
| **31 желтоқсан 2010 ж.** | **521,100,457** | **41,472,001** | **(103,797)** | **197,385,718** | **759,854,379** | **5,688,859** | **765,543,238** |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | 122,886,900 | 122,886,900 | 341,919 | 123,228,819 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жыл ішіндегі басқа жиынтық пайда | - | - | (93,404) | - | (93,404) | - | (93,404) |
| Жыл ішіндегі жиынтық табыс | - | - | (93,404) | 122,886,900 | 122,793,496 | 341,919 | 123,135,415 |
| Акционер жарнасы (Ескерту 16) | - | 92,024,746 | - | - | 92,024,746 | - | 92,024,746 |
| Еншілес компанияларды сатып алу (Ескерту 30) | - | - | - | - | - | 1,035,225 | 1,035,225 |
| Бақыланбайтын иелік үлестерінің жарнасы | - | - | - | - | - | 19,608 | 19,608 |
| Жарғылық капиталға енгізілетін жарналар (Ескерту 16) | 10,255,000 | - | - | (10,255,000) | - | - | - |
| Акциялар бөлігін заңды тіркеуге байланысты ауысу | 17,578,867 | (17,578,867) | - | - | - | - | - |
| Заңды құқықты темір жол активтеріне табыстауға байланысты аударым (Ескерту 16) | 30,482,773 | (21,013,822) | - | (9,468,951) | - | - | - |
| Дивидендтерді төлеу (Ескерту 16) | - | - | - | (9,776,307) | (9,776,307) | - | (9,776,307) |
| Тарату (Ескерту 12, 16 және 24) | - | - | - | (29,714,107) | (29,714,107) | - | (29,714,107) |
| Жарна – заемды әділ бағаға дейін түзету, 2,054,354 мың теңге сомасындағы кейінге қалдырылған салық шегеріледі (Ескерту 17) | - | 8,217,416 | - | - | 8,217,416 | - | 8,217,416 |
| Еншілес компаниялардағы бақыланбайтын қатысу үлестерінің өзгеруі | - | - | - | 920,014 | 920,014 | (927,533) | (7,519) |
| **31 желтоқсан 2011 ж.** | **579,417,097** | **103,121,474** | **(197,201)** | **261,978,267** | **944,319,637** | **6,158,078** | **950,477,715** |

**А.У. Мамин**
**Президент**

14 наурыз 2013 ж.

**Е.И. Лепская**
**Экономика және қаржы бойынша**
**Вице-президент**

14 наурыз 2013 ж.

**Н.Х. Абилова**
**Бас бухгалтер**

14 наурыз 2013 ж.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ